

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіздің қолыңызда “KMF” компаниясы өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырып отырған Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы қамтылған кітапша.

Бұл бағдарламаны “KMF”-пен кеңесе отырып, “KMF-Демеу” қоры әзірледі. Сіз үшін қандай тақырыптар қызықты әрі пайдалы екенін үғыну үшін біз клиенттердің арасында берілген сабактардың қажеттілігін бағалап, зерттеу жүргіздік. Зерттеу нәтижелері бойынша бірнеше негізгі тақырып анықталды. Тақырыптар үнемі жаңартылып отырады, жаңалары қосылады, деректер қазіргі уақыттағы өзгерістер мен шындықты ескере отырып жаңартылады. Сіз әр тақырып бойынша “KMF” қызметкерлері еткізетін сабакта қатысып, кітапшаны тегін ала аласыз. Біз сабактарымыздың негізі ретінде қазақстандық отбасылардың өмірінен шынайы көріністерді мысал ретінде келтірдік. Сіз өз отбасыңыздың қаражатын айтартықтай үтімді басқаруға, тұрмысыңызды жақсартуға ықпал ететін пайдалы кеңестер мен тың идеялар, сонымен қатар нақты әдістерді таба алады деген сенімдеміз.

Жоба кеңесшісі – “KMF” туралы кітапшаның соңында толық ақпарат берілген.

Сізді “KMF” қызметкерлері өткізетін келесі сабактарға қатысуға шақырамыз:

- ◆ Үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау
- ◆ Жақсы кредитті қалай таңдау керек?
- ◆ Отбасылық қаражатты күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады
- ◆ Сақтандыру: ол маған керек пе?
- ◆ Келісімшартқа қол қоймай тұрып нені білу керек? Қарыз алушы ретіндегі құқықтарым мен міндеттерім
- ◆ Жинақтар мен инвестициялар
- ◆ Кредитті өтегу тәсілдері

Сондай-ақ, жеке кітапшалардан келесі тақырыптарды таба аласыз:

- ! Қаржылық және сандық қауіпсіздік немесе қаржылық алайқтардың құрбаны болмау үшін не істей керек
- ! Бірге кредит аламыз – топтық кредиттің артықшылықтары туралы
- ! Instagram-да бизнес-аккаунтты қалай құруға және жылжытуға болады



1-САБАК.

ҰЙ БЮДЖЕТІ
ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЖОСПАРЛАУ.

КМФ•ДЕМЕУ



Қысқаша мазмұны


- 1.** Отбасы бюджетінің құрылымы: үй бюджеті дегеніміз не және бюджеттің негізгі міндеті
- 2.** Отбасы бюджетін құру: үй бюджетінің, оның ішінде бизнес бюджетінің кестесі
- 3.** Қаржылық мақсаттар қою: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар
- 4.** Қаржылық жоспарлаудың ережелері: қаржылық жоспарлаудың 7 ережесі
- 5.** Ақшаны басқарудың 10 ережесі. Ақшаны ұрлағыштар мен сақтағыштар.

Үй бюджеті – бұл отбасының, жалпы кірісі мен шығысын қамтитын отбасының қаржылық жоспары. **Бюджеттің негізгі міндеті** – ақша қаражатын дұрыс болу. **Бюджет** – пайдалы құрал, оның көмегімен біз: қаржылық жағдаймызды дәл бақылаймыз, шығындар мен жинақ ақша жөнінде саналы шешімдер қабылдай аламыз, қажетсіз шығындарды азайта аламыз; қаржылық мақсаттарға тез жете аламыз, мысалы: автокөлік сатып алу, пәтер сатып алу, шетелге демалуга шығу. Біз апта, ай (немесе тіпті бір жылға) ішіндеңі табыстар мен шығыстардың жоспарын құрып қана қоймаймыз, сонымен бірге жоспарлаұмыздың орындалуын нақты бақылап, бюджет бойынша болжамдар құрамыз және басқа да әрекеттерді орындаі аламыз!

Бюджетті құру – күрделі амал емес! Ол экономика немесе математика саласынан арнағы білімді болуды талап етпейді! Үй бюджетін жүргізуід кез келген адам үйрене алады, тек оның тиімділігіне көз жеткізіп, нақты іске кірісу керек. Оның нәтижесін бір айдан кейін байқауға болады, Сіз бюджеттің ақшаны әлдеқайда тиімді басқаруға көмектесетініне көз жеткізесіз.

КМФ•ДЕМЕУ

СӘЛЕМ, МЕН ДИАНАМЫН!
МЕН ОТБАСЫ БЮДЖЕТИН
САУАТТЫ ҚҰРУДЫ ЖӘНЕ
ЖОСПАРЛАУДЫ БІЛЕМІН,
СІЗГЕ ДЕ ҮЙРЕТЕМІН ;)



ДИАНАНЫҢ ОҚИҒАСЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ

Диана шағын қалада тұрады. Ол тұрмыс құрған, күйеуі күзетші болып жұмыс істеп, **190 000 тенге** жалақы алады. Диананың үш баласы бар: 10, 13 және 17 жас. Кіші екі ұлы – мектепте оқиды, үлкен қызы – астанадағы жоғары оқу орнының студенті. Диана отбасының жағдайы жаман емес деп есептейді, оған бизнестен түстін ақша мен күйеуінің жалақысы жеткілікті. Оның үстіне депозиттен ай сайын **7500 тенге** түседі.

Диана базарда балаларға арналған тауар сатады. Бизнеспен айналысқанына 5 жыл болды. Сауда жақсы жүріп жатыр, оның табысы орта есеппен күніне **20 000 тенгени** құрайды (орта есеппен ол тауарына 100% үстеме баға қосады). Оның жеке сауда орны бар – жалға алу құны айына **60 000 тенгени** құрайды. Диана аптасына 6 күн сауда жақайды – дүйсенбі базар істемейді. Ол айына бір рет тауар сатып алғып отырады – тауарға **300 000 тенге** жұмсайды. Оған тауарды жеткізіп береді, бір рет жеткізіп беру құны **6 000 тенге**. Бірнеше ай бұрын Диана тауар сатып алу үшін кредит алды – ай сайынғы кредит төлемі **60 000 тенгени** құрады.

Отбасы өз үйінде тұрады. Күйеуі айына бір рет коммуналдық қызметтер ақысын төлейді – осы айда электр қуатына **3 000 тенге**, газға **4 800 тенге** және суға **1 600 тенге** жұмсады. Коммуналдық қызметтерді төлеу түбіртектері асуынде жеке жәшіктес сақталады.

Диана айына бір рет астанада оқытын қызының банк картасына **30 000 тенге** салып тұрады. Осы айда екі ұлы да тұмаурауып қалды, оған қоса күйеуінің белі ауырып, дәрі-дәрмек сатып алуға **15 000 тенге** жұмсаға тұра келді.

Отбасының жеке автокөлігі бар – оны отбасымен жол жүргенде және базарға барғанда ғана пайдаланады. Диананың сауда жасайтын орны үйіне жақын орналасқандықтан, жұмысқа жаяу барады. Күйеуінің жұмысы әлдеқайда алыс, сондықтан ол жұмысқа қоғамдық көлікпен барады. Балалардың мектебі де үйдің жанында орналасқан, сондықтан балалар көлікті пайдаланбайды. Көлік шығындары (автокөлікке жанармай қыю және қоғамдық көлік ақысы) айына **12 000 тенгени** құрайды.

Диана ай сайын жұмсалмайтын қорға **20 000 тенге** салады.

Диана өте ұқыпты, ол ақша есепті ұнраттындығын біледі, сондықтан ол отбасы шығындарының есебін жүргізеді. Қунде кешкісін ол қүнделікті шықсан шығындарды табыстар мен шығыстар журнالына жазып отырады. Оған бар болғаны 5 минутта үақыт кетеді және аса тиімді жұмсалған уақыт болып табылады. Ең бастысы – бірде-бір қунді бос өткізбей керек – олай болмағанда, Диана өз тәжірибесінде көрғеніндей, өткен уақыт оралмайды және орнын толтыру үшін көп уақыт пен күш жұмсау керек болады.

+ 190 000 тг

+ 7 500 тг

+ 520 000 тг

- 60 000 тг

- 300 000 тг

- 6 000 тг

- 60 000 тг

- 3 000 тг

- 4 800 тг

- 1 600 тг

- 30 000 тг

- 15 000 тг

- 12 000 тг

- 20 000 тг

- 10 000 тг
- 40 000 тг
- 50 000 тг

- 30 000 тг
- 40 000 тг
- 2 000 тг
- 8 000 тг
- 4 500 тг

Екі жақтың шешімі бойынша күйеуі айна жеке қажеттіліктеріне **10 000 тенге** алады. Азық-түлікті апта сайын базардан сатып алады, орта есеппен айна **40 000 тенге** жұмысайды. Қалғанын Диана үйге бара жатқанда қүнделікті жол-жөнекей дүкеннен сатып алады, бұған айна тағы да **50 000 тенге** жұмысалады.

Өткен аптада отбасы таныстарының үйлену тойына барап, тойдың шашуына **30 000 тенге** берді. Тойға киетін киім алу қажет болды – оған **40 000 тенге** жұмысалды. Диана балаларға балмұздаққа және басқа да мақсаттарға ақша беріп тұрады – айна барлығы **2 000 тенге** болды. Телефонға (отбасының әрбір мүшесінің жеке телефоны бар) **8 000 тенге** төлейді. Осы айда теледидар сынып, оны жөндетеуге **4 500 тенге** жұмысалды.

Диананың оқиғасынан оның отбасы кірістері мен шығыстарын жоспарлайтынын және ескеретінін көруге болады:

- ✓ отбасы келесі айдағы кірістің нақты мөлшерін және қандай шығыстарға жол беруге болатынын біледі;
- ✓ отбасының шығыстар жоспары бар және өз шығыстарына бақылау жасайды;
- ✓ аяқасты сатып аулаптарға үқыпты қарайды және жоспарланбаған әрі қажетсіз шығындарға көп ақша жұмсамайды;
- ✓ күрделі шығыстармен байланысты қаржылық жоспарларды жоспарлауды назардан тыс қалдырмайды;
- ✓ күтпеген жағдайларға дайын.

КМФ-ДЕМЕУ

**СОНШАЛЫҚТЫ ҚЫЫН ЕМЕС,
СОЛАЙ МА? ЕҢ БАСТЫСЫ –
БАСТАП КЕТУ, КӨП ҰЗАМАЙ
ОТБАСЫНЫҢ КІРІСІ МЕН
ШЫҒЫСЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ
ӘДЕТКЕ АЙНАЛАДЫ.**



ОТБАСЫ БЮДЖЕТИНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Отбасы бюджетін – белгілі бір қорытынды жасауға болатын жоспар мен фактін қарастырайық. Бюджетті дұрыс құру үшін біз табыс көзін және шығыстар бабын дұрыс бөлуіміз керек.

ОТБАСЫ КІРІСТЕРІ

Тұрақты

(жалақы, зейнетакы, шәкіртақы)

Мерзімді

(сыйлықақылар, біржолғы табыстар)

Маусымдық

Уақытша

ОТБАСЫ ШЫҒЫСТАРЫ

Тұрақты

(азық-түлік, шаруашылық тауарларын сатып алу, коммуналдық қызметтерді, жолақы, оқу ақысын және т. б. төлеу)

Бизнеске

(тауарларды сатып алу, орынды жалға алу)

Жоспарланған

(отбасылық шаралар және басқа оқиғалар)

Болжанбаған

Кредиттер бойынша төлемдер



Сонымен, кестеден біз Диана отбасында да, бизнесте де кірістер мен шығыстарды мұқият жоспарлап, есепке алатынын көреміз. Және бұл өз жемісін беруде: бір ай ішінде отбасы 20 600 теңге үнемдеді.

ДИАНА ЖҮРГІЗЕТІН ШЫҒЫСТАР МЕН КІРІСТЕРДІҢ ЕСЕПТІК КЕСТЕСІ

Отбасы кірістері	Жоспар		Факт
Бизнестен түскен табыс	520 000		520 000
Жалақы	190 000		190 000
Жинақ ақша бойынша пайыздан түскен табыс	7 500		7 500
Басқа да кірістер	0		0
Жиыны	717 500		717 500
Отбасы шығыстары	Жоспар		Факт
Отбасының қажетті шығыстары			
Тамақтану	100 000		90 000
Коммуналдық төлемдер, байланыс	18 000		17 400
Көлік шығындары	12 000		12 000
Қызының оқуын төлеу	30 000		30 000
Медициналық шығыстар	10 000		15 000
Басқалары	12 000		12 000
Жұмсалмайтын қор	20 000		20 000
Жиыны	202 000		196 400
Отбасының қосымша шығыстары			
Жөндеу	5 000		4 500
Той, салтанат, ойын-сауық	50 000		30 000
Күтпеген шығыстар	20 000		40 000
Жиыны	75 000		74 500
Бизнестің шығыстары	Жоспар		Факт
Бутикті жалға алу	60 000		60 000
Кредит бойынша төлем	60 000		60 000
Тауар сатып алу	300 000		300 000
Көлік шығыстары	6 000		6 000
Өзге	10 000		0
Жиыны	436 000		426 000
Өзге кірістер	717 500		717 500
Өзге шығыстар	713 000		696 900
Факт - жоспардың жиыны (кірістер)			0
Факт - жоспардың жиыны (шығыстар)			-16 100
Кірістердің - шығыстардың жиыны	4 500		20 600
Жинақтар	1 000 000		1 000 000

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР


**Диананың оқиғасына қарап кез келген отбасына
қандай кенес бере аламыз?**

- Отбасылық бюджетті құру және оның орындалуын бақылау.
- Құнделікті, әсіресе жоспарланбаған шығындарды қадағалау.
- “Ақша үрлағыштармен”, яғни отбасының өмір сүру сапасын төмendetпей, сатып алмаға да болатын заттармен күресу бойынша стратегия қабылдау.
- Күтпеген оқиғаларға арнайы жұмысалмайтын қор (ЖҚ) құру және оны отбасының болжанбаған шығыстарына орта есеппен бір ай ішінде жұмысалынатын белгілі бір сомаға дейін тұрақты түрде толықтырып отыру.
- Жалпы табысты жалпы шығыстармен салыстыра отырып, отбасының ай сайын жинақтай алатын соманы бөліп қою.
- Қаржылық мақсаттар қою және оларды жинақталған ақша мүмкіндіктерімен және оған қол жеткізу мерзімдерімен салыстырып отыру.
- Табыстар мен шығыстардың есебін құнделікті жүргізу (жазбаша немесе электронды түрде: мысалы, iOS AppStore және Android PlayMarket платформаларында кіріс пен шығысты есепке алу бойынша көптеген қосымшалар бар).

“АҚША ҮРЛАҒЫШТАР” ДЕГЕН КІМ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСҮГЕ БОЛАДЫ?

Біздің онлайн-технологиялар заманында “ақша үрлағыштардың” саны артпаса, кеміген жоқ. Қазіргі күні интернет-сатылымдар күннен күнге дамып келеді, онлайн сатып алушулар құнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Көбіне интернет-дүкендерде кез келген тауарды кредитке сатып алу туралы ұсыныстар өте көп. Тауарды көрген сәтте сатып алуды қалаған біздерге, яғни сатып алушуларға кредиттеу шарттарын білу, нақты пайыздық мөлшерлемені және жасырын комиссияларды анықтау аса маңызды.

Төмендегі кестеде Сіз орынсыз шығындармен және орынды шешімдермен таныса аласыз.




“АҚША ҰРЛАҒЫШТАР” – ОРЫНСЫЗ ШЫҒЫНДАР

Қажетсіз заттарды сатып алу
 Қызғаныш және көршіден қалғысы
 келмеу
 Шектен тыс және көрсе қызарлықпен
 сатып алу
 Супермаркеттердің жеңілдік науқандары
 Жарнамалық хабарландырулардың әсері
 Балалардың қалауы
 (оійншықтар, тәттілер, кәмпіттер)
 Темекі тарту және басқа да
 зиянды әдептер
 Денсаулықты күтпеу
 Құмар ойындар
 Электр қуатын, газды, суды
 үнемсіз пайдалану
 Жаңармайды көп жағатын көлікті
 шектен тыс пайдалану
 Дәмханаларда, асханаларда тамақтану
 Жылдам кредит алуға адамды
 итермелейтін банктердің, дүкендердің
 акциялары, онлайн-кредиттер

“АҚШАНЫ САҚТАУШЫЛАР” – ОРЫНДЫ ШЕШІМДЕР

Өзгеде бардың менде де болуы
 міндетті емес
 Сауданы алдын ала жазылған тізім
 негізінде жасау
 Жарнамалық хабарландыруларда
 айтылғаның барлығына сене бермеу
 Балаларға қалағанының барлығын
 сатып алып беру мүмкін
 еместігін түсіндіру
 Тартатын темекі санын шектеу,
 шылым шегуден бас тарту
 Дәрігерге уақытылы қаралу
 және дәрі-дәрмектерді пайдалану
 Құмар ойындардан бас тарту
 Үнемді шамдарды пайдалану
 Автокөлікті қажеттілігіне қарай
 пайдалану
 Асханалар мен фастфудты (жылдам
 тамақтану) пайдаланудың орнына
 жұмысқа таңғы, түскі ас апару
 Нақты қаржылық мақсаттар қою,
 науқандарға алданбау

Затты ойланбай сатып алудың алдын алу үшін өзінізге қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар қоя білу керек.




ҚАРЖЫЛЫҚ МАҚСАТТАР ҚОЮ

Біз отбасылық өмірдегі ірі шығындармен байланысты кез келген оқиғаны қаржылық мақсаттар деп атайдыз. Мақсаттар әртүрлі болуы мүмкін. Қысқа мерзімді мақсаттарға жылдам, ұзақ мерзімді мақсаттарға біртіндеп қол жеткізіледі. Сіз өз мақсаттарыңызды анықтағаннан кейін олардың әрқайсысына жету шығындарын есептеңіз және жету мерзімдерін белгілеңіз. Содан кейін, әрбір мақсатқа жету үшін айына қанша сома жинаі алатыныңызды бағалаңыз. Бұл отбасының жалпы табысынан барлық шығыстарды алғаннан кейін қалатын сома болуы тиіс. Мақсаттарыңызға жету үшін жеткілікті соманы қандай мерзімде жинаі алатыныңызды есептеңіз.

Қаржылық мақсаттар қою үшін қажет:

- 1. қандай соманың қажет екенін анықтау,**
- 2. мақсатқа жету мерзімін білу,**
- 3. белгілі бір соманы ай сайын жинау**



Қаржылық мақсаттарды жоспарлау үшін Сізге келесі кесте пайдалы болады, онда Сіз өзіңіздің қаржылық мақсаттарыңызды жаза аласыз

Мақсат	Қажетті сома	Мерзім	Ақша жинау мүмкіндіктері
Мысал: жаңа жиһаз сатып алу	500 000 тг	10 ай	Ай сайын 50 000 тг

! Мақсатыңызға қол жеткізу үшін айна қанша сома жинаи алатыныңызды бағалап, отбасының жалпы табысынан барлық шығыстарды шегергеннен кейін қандай со- ма қалатынын нақты білу қажет.

! Бюджетті жүргізген кезде, әдетте отбасы өзінің құнделікті шығыстарының ең кем дегенде 10%-ын үнемдей алады, әйткені шығыстарды жоспарламаған кезде мін- дегі түрде пайда болатын артық шығындарды байқай алады.

Мақсатыңызды жүзеге асыру үшін қаржылық жоспарлау ережелерін қадағалаңыз

- 1.** Әр айға бюджет құрыңыз және оны ұстануға тырысыңыз.
- 2.** Әсірепе жоспарланған шығыстардан асып кететін болса, іс жүзіндегі шығыстарыңызды талдаңыз.
- 3.** Барлық шығыстардан кейін қалған соманы емес, Сіз бюджетте жоспарлаған соманы жинаңыз.
- 4.** Күтпеген оқиғалар жағдайында отбасылық шығыстарға қаржылық қысымның түсін женілдететін жұмысалмайтын қор құрыңыз.
- 5.** Қаржылық мақсаттарыңызды дұрыс жоспарлаңыз: Сізге қандай сома, қандай мерзімге қажет екенін және Сіздің ақша жинау мүмкіндігіненде жағдайын анықтаңыз.
- 6.** Қаржылық мақсаттардың басымдылықтарын және жүзеге асыру мүмкіндіктерін қайта қарастырыңыз.
- 7.** Табандылық танытып, бүгіннен бастап өміріңізді жоспарлауды бастаңыз!



ЖАЗБАЛАР ҮШІН



КМФ•ДЕМЕУ



2-САБАҚ.

КМФ•ДЕМЕУ

ҚЫІНДЫҚТАР
ТҮҮНДАМАС ҮШИН
ЖАҚСЫ КРЕДИТТИ
ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА
БОЛАДЫ?



КРЕДИТ АЛУ ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ КРЕДИТТІ ҚАЙТАРУ БАРЫСЫНДА ОРЫН АЛУЫ МҮМКІН ҚЫЫНДЫҚТАР ТӘҮЕКЕЛІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН КРЕДИТТІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІМІЗДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУФА БОЛАДЫ

Қарызды қандай мақсаттара аламыз?

- ◆ Бизнеске салу – тауарларды, жабдықтарды сатып алуға, бизнес орнын сатып алуға және оны жөндеуге.
- ◆ Үй шаруашылығына салу – үй сатып алу, үйді жөндеу, жиһаз сатып алу, отбасы мүшелерін оқыту.
- ◆ Тұтыну – үйлену тойын үйымдастыру, саяхаттау, киім сатып алу және т. с. с.
- ◆ Болжанбаған жағдайлар – науқастану, жазатайым оқиға, ЖКО, жарақаттану және т. б.

ПАЙДАЛЫ КРЕДИТ

Бизнеске және үй шаруашылығына салу үшін алынған кредиттер. Бизнеске алынған кредит – қосымша табыс алуға мүмкіндік береді. Үй шаруашылығына алынған кредит – оның құнын арттырады.

ПАЙДАСЫЗ КРЕДИТ

Тұтынушылық мақсаттарға және болжанбаған жағдайларға алынған кредиттер. Неліктен? Тұтынушылық мақсаттар және болжанбаған жағдайлар – белгіленген үстеме ақысы бар қарыз қаржат есебінен қалаудымызды қанағаттандыру немесе орын алған қызын жағдайды шешу. Осындай мақсаттар үшін мүмкіндігінше жинақ ақша мен жұмсалмайтын қорды (ЖҚ) пайдаланған дүрыс.



ЖАҚСЫ КРЕДИТ – ЖАМАН КРЕДИТ. КРЕДИТТЕРДІ АЙЫРА БІЛЕЙІК.

Қанат автокөлік сатып алу үшін 3 жылға кредит алды. Автомобиль сатып алғаннан кейін отбасы демалыс күндері қала сыртына жиі шыға бастады. Одан білең, Қанат жұмыстан кейін кешкісін жолаушы тасып, қосымша табыс табатын болды.



- Автокөліктің пайдалану мерзімі – кредиттің өтегу мерзімінен әлдеқайда артық.
- Кредит толық өтелгеннен кейін автокөлік Қанаттың меншігінде қалады.
- Оның үстіне, автокөлік қосымша табыс әкеледі.



Нұрлан бұзаулар сатып алу үшін 9 айға кредит алды. Бұзауларды бордақылап өсіріп, 6 айдан кейін оларды сатты.



Кредит мерзімі бұзауларды сату мерзімінен асады. Нұрлан бұзауларды сатып, табыс тапты, алайда кредитті пен пайыздарды төлеуді жалғастыруда.


KMF•ДЕМЕУ



Тәтімгүл азық-түлік сатады. Отбасына жұмсаған шығыстардан білең қолында 150 000 теңге қалады. Ол тауар сатып алуға кредит алды. Жаңа сауда нұктесін ашуды жоспарлаған жоқ.



Мұндай табысы бар Тәтімгүлге кредит керек емес еді. Бизнесіне өз қаражатын салуға болатын еді.



Бахтиярдың дүкені тоналды. Ол жылдық 45%-бен кредит алды және 2 айдың ішінде бұрынғы сатылым деңгейіне шықты.



Кредит аса көп қызындық тудырмады және қосымша шығынсыз күтпеген жайты еңсеруге көмектесті.



Айжан көп мөлшерде тауар сатып алу үшін кредит алды. Ол кредитті жылдық 45%-бен төлейді, бірақ көтерме бағамен сатып алғандықтан 25% жеңілдік алды. Оның бөлшектеп сатқандағы қосқан үстеме бағасы 100%-ды құрады. Сатылым көлемі 50%-ға үлгайды.



Кредитті пайдалану арқылы түскен табыс кредит бойынша шығыстардан жоғары.

KMF•ДЕМЕУ

ЖАҚСЫ ЖӘНЕ ЖАМАН КРЕДИТТЕРДІҢ БЕЛГІЛЕРИ



Кредитке сатып алынған активті пайдалану мерзімі кредиттің мерзімінен көп.



Кредитке сатып алынған активтер кредит аяқталғаннан бұрын өткізілді. Табыс алынды, бірақ кредит бойынша төлемдер жалғасуда.

Кредитке сатып алынған активтен алынған қосымша табыс кредит құнынан жоғары.

Кредитті пайдаланудан алынған пайда кредиттің құнынан төмен.

Кредит тауарлардың немесе жабдықтың құнынан үнемдеуге және қосымша пайда табуға мүмкіндік береді.

Кредитті пайдаланғаннан кейін алынатын табыс кредитті өтеуге жеткіліксіз.

Кредит арқылы кредитті өтеу және пайда табу үшін жеткілікті кіріс түсті.

Болжанбаған жағдайларды шешуге мүмкіндік беретін кредит.

Кредиттеннен бөлек, қажеттіліктердің қаржыландырудың басқа, әлдеқайда арзан көздері бар (жеке жинақ ақшалары, бизнестің меншікті қаражаты).

Уақытылы берілмейтін кредит – өте кеш немесе тым erte.


Кредит зиян тигізбеуі керек.

Кредиттің шарттары Сіздің бизнесіңіздің қажеттіліктеріне (негізінен – өтеу кестесіне) сәйкес келмейді.



ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІЗДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Біз қандай кредиттердің жақсы екенін, ал қандай кредиттерден бас тарқан жөн екенін анықтадық. Алайда, алған кредитті уақытылы өтей алмасақ, ең жақсы деген кредиттің өзі бізге қындық тудыруы мүмкін. Ондай жағдайдан өзінді қалай сақтауға болады? Бізге төлем қабілеттілігізді бағалау (немесе отбасы бюджеттің таза қалдығын есептей) қажет – яғни қарызды өтей алу қабілеттілігін бағалау керек. Бұл жерде кредиттің бизнесті дамытуға немесе тұтынушылық мақсаттарға алынатындығын анықтап алушынамыз. **Бизнес-кредит** төлем қабілеттілігін бағалау үшін келесі есепті пайдалануға кеңес береміз:



Нәтижесі 70%-дан аспауы тиіс. Егер кредит бойынша төлейтін сома оның таза кірісінің 70%-нан аспайтын болса, отбасы қалыпты өмір сүріп, жоспарланбаған шығындарды төлей алады деп есептеледі (отбасының жалпы кірісінен отбасының барлық шығысын алып тастау).

МЫСАЛЫ

Кредит бойынша төлем сомасы	- 30 000 тг
Отбасының жалпы айлық кірісі	+ 160 000 тг
Отбасының жалпы айлық шығысы	- 120 000 тг



Төлем қабілеттілігі = 75%

75%-дық нәтиже нені білдіреді? Бұл отбасының кредитті өтеу қабілеттілігі жол берілетін деңгейге сәйкес келмейді. Олар кредитті өтеуге табысының көп бөлігін жұмсауға мәжбүр. Бұл олардың өз шығыстарын тым азайтып, біраз нәрседен бас тартуына тұра келеттін немесе кредитті өтеу барысында қыындық туындауы мүмкін екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, олар тым көп қарыз алды.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ КРЕДИТ ҮШІН

Тұтынушылық кредит алғысы келген отбасының төлем қабілетін есептеу үшін отбасы мүшесінің кіріс сомасын және отбасының шығыстарын салыстыруды ұсынамыз. Бұл ретте клиенттің барлық кредиттері бойынша төлемдері ескеріледі. Нәтижесінде кіріс отбасының барлық шығыстарының 50% -нан асуы немесе тен болуы тиіс.

$$\frac{\text{Карыз алушының кірісі}}{\text{Барлық шығыстары}} \geq 50\%$$



Кредит әртүрлі мақсаттарға жету үшін пайдалы болуы мүмкін, бірақ шамадан тыс кредит алу өте қауіпті. Өйткені шамадан тыс кредит алу – бұл кредиттер бойынша борыштардың үлкен саны ғана емес, сонымен қатар оларды үақытында өтеу алмаушылық.

ШАМАДАН ТЫС КРЕДИТ АЛҒАННЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- !** Сіздің таза табысыңызben салыстырғанда төлейтін кредиттіңіздің сомасы өте жоғары.
- !** Сіз әдетте қалтаңыздың ақшаға алатын затты кредитке сатып алатын болдыңыз.
- !** Қолданыстағы кредитті өтеу үшін жаңа кредит рәсімдейсіз.
- !** Сізге кредиттің өтеу мерзімін ұзарту үшін етінім қалдыруға турға келді.
- !** Сіз кредиттеріңізді өтеу үшін жинақ ақшанды пайдаланасыз.
- !** Сіз отбасыңыздың күнделікті шығыстарын төлеу үшін кредит аласыз.

ҚАУІПТІ АЙМАҚ!



Кредиттің шамадан тыс болуы кредиттің мерзімін өткізіп алуға және төлемеуге әкелу мүмкін.

Мерзімін өткізіп алу – шартпен қарастырылған өтеу мерзімдерін бұзу.

Төлемеу – кредитті қайтаруға мүмкіндіктің болмауы.

МЕРЗІМІН ӨТКІЗУ САЛДАРЛАРЫ



ТӨЛЕМЕУ САЛДАРЛАРЫ



Топтық кредит беру кезінде топқа мүше ретінде қабылдамауы мүмкін – топтан шығарып жіберу.

Қосымша шығыстар – өсімақылар мен айыппұлдарды төлеу.

Келесі қарыздарды тиімді шарттармен алу мүмкіндігінен айрылу.

Келесі кредиттердің шарттары ағымдағыға қарағанда тиімсіздеу болуы мүмкін.

Әріптестері мен қызметкерлердің алдында беделін жоғалту.

Кепілден айрылу.

Сот шығындары – кредиторлар әдетте сотқа шағым түсіреді.

Кез келген банктен кредит ала алмау – етелмеген төлемдер туралы ақпарат кредиттік бюроға енгізіледі.

Кредиттік тарихының жағымсыз болуы.

Енді Сіз кредитке деген қажеттілікті талдап, төлем қабілеттілігіңізді бағалағаннан кейін, кредиттің құнын дұрыс бағалап, өзіңіз үшін ең жақсы кредитті таңдауыңыз керек. Қандай ұсыныстың ең жақсы ұсыныс екенін білу үшін кредит алуға қатысты шығыстар мен шығындарды есептеу қажет. Шығыстар мен шығындарды үш топқа бөлуге болады.

- 1. Тікелей қаржылық шығыстар** – кредитті пайдаланғанымыз үшін банкке төлейтін ақша. Оған жататындар: пайыздар, комиссиялар, кредит алумен байланысты банктің басқа да қызметтері үшін алышнатын ақы.
- 2. Қосымша қаржылық шығыстар** – кредит алудымыз үшін басқа үйымдарға және тұлғаларға төлейтін ақша. Бұл қандай шығыстар? Мысалы – сақтандыру, нотариус, және т. с. с.
- 3. Қаржылық емес шығындар және олардың артықшылықтары** – қарыз алу үшін жұмысайтын қымбат уақытымыз; банктің бізге деген қарым-қатынасы; өтеге кестесінің қажеттілігімізге сәйкес келуі және т. с. с.

Үздік кредитті таңдау үшін бізге әртүрлі қаржы үйимдарының шарттары мен шығындарын бағалау қажет. Бұл үшін әртүрлі екі қаржы институтының шарттарымен танысады ұсынамыз.

	КРЕДИТ №1 (қаржы институт А)	КРЕДИТ №2 (қаржы институт Б)
Сома	500 000 тг	500 000 тг
Мерзім	12 ай	12 ай
Тікелей қаржылық шығыстар		
Пайыздар сомасы (артық төлем)	80 000 тг	130 000 тг
Комиссия	50 000 тг	0 тг
Барлығы	130 000 тг	130 000 тг

Кестеден көретініміз: тікелей қаржылық шығындарға әрдайым пайыздар қосылады. Басқа шығындардың көлемі өзгереді: комиссиялар, банктің басқа да қызметтері үшін төлем. Кредиттің нақты құнын анықтау үшін барлық тікелей шығындарды мүқият зерттеу керек. Шарттары бірдей болған жағдайда, кредитті жылдам рәсімдейтін және қызметкерлері сыпайы қызмет көрсететін қаржы институтын таңдауға болады.


ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫН ЕСЕПТЕГЕН КЕЗДЕ НЕҢ НАЗАРҒА АЛУ ҚАЖЕТ

- > Сақтандыру, кепілді рәсімдеу және т. с. с. бойынша қосымша шығындар.
- > Қарызыды рәсімдеуге жұмсалған уақыт – бұл уақытты көсіпкер өз бизнесін жүргізуге жұмсар еді.
- > Кредитті рәсімдеуге кететін уақыт талап етілген құжаттардың санына байланысты болады – құжаттар неғұрлым аз болса, соғұрлым жақсы.
- > Қызметкерлердің қарым-қатынасы – кеңес алу және проблемалар туындаған жағдайда оларды шешу мүмкіндігіне ие болу үшін кредит жайлыш толық және нақты ақпарат алу үшін маңызды.
- > Кредиттің тікелей қаржылық құнын дәл анықтау үшін түрлі ұсыныстарды салыстыру қажет. Кредиттің құны пайыздар мен басқа төлемдердің (комиссиялар, банктің міндетті ақылы қызметтері) сомасына тәуелді болатындықтан, кейде кредиттің нақты сомасын анықтау қыын. Бізге хабарлайтын пайыздық мөлшерлемелер айлық немесе жылдық болуы мүмкін.


Артық төлем сомасына қарап шешім шығару да дұрыс емес, себебі ол қарызындың берілу мерзіміне байланысты болады. Тек пайыз сомасына қарағанда дұрыс емес. Барлық факторларға жан-жақты назар аудару қажет: мерзім, комиссиялар, сақтандыру, банктің ақылы қызметтері, заң қызметтері. Міне, тиімді мөлшерлеме дегеніміз осылар.



Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ) дегеніміз – банктің өз ақшасын бізге нақты қаншаға сататын туралы ақпарат беретін әмбебап көрсеткіш. Қазіргі уақытта сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі барлық қаржы үйімдары үшін бірдей. СЖТМ дұрыс есептеу үшін Үлттық банктің www.nationalbank.kz сайтында калькуляторды пайдалану ұсынылады. Бұл ретте өтеу тәсілін дұрыс көрсету (аннунитет, сараланған төлемдер, біркелкі емес төлемдер) және берілім күні мен сомасын дәл көрсету маңызы.



Сайттың басты бетінде
“Қызыметті
тұтынушылар”
тарауын таңдаңыз.



“Қызыметті тұтынушылар”
тарауына кіргеннен
кейін төмен түсіп,
“Калькуляторлар”
сілтемесін табыңыз.

СЖТМ – әртүрлі дереккөздерден қарыз қаражаттарының нақты құнын салыстыру үшін пайдалы.

ОНЛАЙН-КРЕДИТ БЕРЕТИН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Қазіргі уақытта үйден шықпай алуға болатын онлайн-кредиттер үлкен танымалдыққа ие. Саялнаманы толтыру әдette шамамен 15 минутты алады. Төлкүжат деректерін, тіркелген мекенжайын, тұрғылықты мекенжайын, жұмыс орнын және қызметін, ай сайынғы табысын, қолданыстағы (бұрын) алған кредиттері туралы деректерді толтыру қажет болды. Келесі қадам – карта (шот) нөмірі. Ақша дереу туследі. Артық төлем сомаға байланысты. Онлайн кредиттің айқын артықшылығы жылдам рәсімдеу мен алу болып табылады, негізгі кемшілігі – әдettегі банктерге қарағанда әлдеқайда жоғары пайыздар. Сіз “КМФ” мобиЛЬДІ қосымшасы мысалында онлайн өтінім беру рәсімімен таныса аласыз.

iOS үшін



Android үшін





3-САБАҚ.

ОТБАСЫЛЫҚ
КАРЖЫНЫ КУТПЕГЕН
ЖАҒДАЙЛАРДАН
КАЛАЙ ҚОРҒАУҒА
БОЛАДЫ?

КМФ•ДЕМЕУ



Сіздің өміріңізде қомақты шығынға алып келетін күтпеген жағдайлар болып тұра ма? Сіз оларды қалай шешіп жүрсіз? Әдette мұндай оқиғалар елеулі шығындармен қатар жүреді, кейде отбасылық әмиянға айтарлықтай салмақ түседі. Күтпеген жағдайлардың мысалдары:



**Күтпеген шығындарды қалай реттеуге болады?
Ақшаны қайдан аламын? Шұғыл қажет!**



Дос-жараннан немесе
туысқаннан сұрауға болады.



Банкке немесе ломбардқа баруға
болады.



Бірақ оларда ақша болмауы
мүмкін.



Бірақ кредит бойынша пайыздар
төлеу керек... Рәсімдеуге уақыт
жұмсау керек... Ал егер ақша
демалыс күндері қажет болса?
Ал банктер жұмыс істемесе?

Өзіміз немесе жақындарымыз тап болатын оқиғаларға ықпал ете алмайтынымыз анық, дей түрғанмен біз күтпеген оқиғаларға дайын болуға тиіспіз.

**ӘРБІР ОТБАСЫНЫҢ ҚАНДАЙ Да БІР
ЖҰМСАЛАЙТАЫН ҚОРЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ!**

Жұмсалмайтын қор – бүл арнағы жиналып, кейінге қалдырылған, дағдарыс немесе оқыс оқиғалар жағдайына (“ауыр күн” немесе “аяқасты бірдене бола қалса” деген кезге) сақталатын ақша қаражатының қоры.

ЖҰМСАЛМАЙТЫН ҚОР ҮШІН ҚАНША АҚША ҚАЖЕТ?

Соңғы жарты жылда Сіздің отбасыңызда орын алған төтенше жағдайлардың тізімін жазыңыз. Әрбір оқиғаның жаңына осы оқиғаға, жағдайға жұмсалған ақша сомасын белгілеңіз. Соңында жалпы соманы есептеңіз және Сіз күтпеген оқиғаларға жұмсаған орташа айлық соманы анықтау үшін оны 6-ға бөліңіз. Осылайша, Сіз жұмсалмайтын қор резерві түрінде ие болу қажет орташа ақша сомасын аласыз.

Мысалы, Жандостың отбасында бір жылда бес оқиға орын алды, және оларға 120 000 теңге қажет болды.

Aū	Күтпеген оқиғалардың сипаттамасы	Қанша жұмсалды
1	–	0 тг
2	Отбасы мүшелері түгелдей тұмаумен ауырды	20 000 тг
3	–	0 тг
4	Кір жүү машинасын жөндеу	7 000 тг
5	–	0 тг
6	–	0 тг
7	Тұысқанның үйлену тоғы	30 000 тг
8	–	0 тг
9	Ауырып ауруханаға жату	50 000 тг
10	–	0 тг
11	Жылдыту жүйесін жөндеу	13 000 тг
12	–	0 тг

ЖИЫНЫ: _____ **120 000 тг**

Жандостың жанұясы ЖК құру туралы шешім қабылдады және өткен жылдардың тәжірибесі негізінде шамамен 120 000 теңгені құрайтын қажетті соманы есептеп шықты және ай сайын 10 500 теңгеден жинай бастады деп шартты түрде есептейміз. Бір жылда отбасында қандай жағдайлар орын алды және ЖК басқару қалай жүрді.

Ай	Қанша ақша белінді	Жиналған сома (жұмсалғанды қоса есептегендеге)	Күтпеген оқиғалардың сипаттамасы	Қанша жұмсалды	Қалған сома
1	10 500 мә	10 500 мә	—	0 мә	10 500 мә
2	10 500 мә	21 000 мә	Отбасы түгелдей тұмаймен ауырды	20 000 мә	1 000 мә
3	10 500 мә	11 500 мә	—	0 мә	11 500 мә
4	10 500 мә	22 000 мә	Кір жуу машинасын жөндеу	7 000 мә	15 000 мә
5	10 500 мә	25 500 мә	—	0 мә	25 500 мә
6	10 500 мә	36 000 мә	—	0 мә	36 000 мә
7	10 500 мә	46 500 мә	Тұысканның үйлену тоібы	30 000 мә	16 500 мә
8	10 500 мә	27 000 мә	—	0 мә	27 000 мә
9	10 500 мә	37 500 мә	Ауырлып ауруханаға жату	50 000 мә	-12 500 мә
10	10 500 мә	- 2 000 мә	—	0 мә	- 2 000 мә
11	10 500 мә	8 500 мә	Жылтыу жүйесін жөндеу	13 000 мә	- 4 500 мә
12	10 500 мә	6 000 мә	—	0 мә	6 000 мә
ЖИЫНЫ: 126 000 мә		6000 мә		120 000 мә	6000 мә

Біз әлгінде ғана әрбір отбасыға ЖК құру және оны үнемі қолдан отыруға, яғни тіпті шағын сома жұмсалғаның өзінде оны толықтырып отыру қажеттігіне көз жеткіздік. Егер Жандостың отбасының ЖК-сы болмаса, ол үнемі қарызданып жүрер еді!

ЖҮМСАЛМАЙТЫН ҚОРЫҢЫЗДЫ ЕСЕПТЕП КӨРІНІЗ

Ай	Қанша ақша белінді	Жиналған сома (жұмсалғанды қоса есептегендеге)	Күтпеген оқиғалардың сипаттамасы	Қанша жұмсалды	Қалған сома
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					
ЖИЫНЫ:					
30					

ЖҚҚ-НЫ ҚАЙДА САҚТАУҒА БОЛАДЫ

1.

Ақша барынша қолжетімді болуы тиіс, өйткені олар шүғыл жағдайларда қажет болады. Демек, оларды қалған жинақ ақшалармен бірге жылдам депозитте сақтауға болмайды.



2.

ЖҚҚ сенімді орында сақталуы тиіс. Ақшаны жоспарланбаған сатып алуларға жұмысап қоймау аса маңызды. Кейде ақшаны өзіңізден де тығып тастаған жөн.



3.

ЖҚҚ басқа жинақ ақшалардан бөлек болуы тиіс, өйткені бұл жағдайда оны басқару оңай.





4-САБАҚ.

МЕНИҢ ҚАРЫЗ АЛУШЫ
РЕТИНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫМ
МЕН МІНДЕТТЕРІМ
ЖӘНЕ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙМАС
БҮРҮН НЕҢІ БІЛУ КЕРЕК.



Шарт – бұл құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту және тоқтату туралы екі немесе одан көп түлғаның жазбаша келісімі. Шарт – бұл әрбір уағдаласушы тараптың өзін және өзінің мұдделерін қауіпсіздендіру тәсілі.

ШАРТ НЕ ҰШІН ҚАЖЕТ:

не туралы келіскеңізді еске сақтау үшін,
не туралы келіскеңізді түсіну үшін

• • •

бұрын уағдаласпаған талаптарды кейін қоймау үшін

• • •

уағдаластық мәнін қасақана бүрмалаудан өзін сақтандыру үшін,
бұл екі тарапқа да қатысты

• • •

басқа да тәуекелдерді азайту үшін

ШАРТ ҚАНДАЙ БОЛУЫ ТИС?

Түсінікті



Айқын



Қайіncіз

клиент үшін де,
ұйым үшін де



ҚАЙРАТТЫҢ ОҚИҒАСЫН ҚАРАСТАЫРАЙЫҚ



Қайрат микрокредит алу үшін хабарласты. Осыған дейін ол отбасылық қажеттіліктерге екі кредит алғып, оларды төлеген болатын. Ол өтінімді тез рәсімдеп, 1 жылға микрокредит алды. Бұл дәл пандемия қарсанды болған еді. Бастапқыда Қайрат кредиттін уақытылы төлеп жүрді, алайда өтеу мерзімінің аяғына қарай жалақысыз демалысқа кетуге мәжбүр болды. Отбасының табысы қысқарды, Қайраттың кредит бойынша төлем жүргізуге мүмкіндігі болмай қалды. Содан кейін ол кредиттің өтеу мерзімін кейінге қалдыру үшін кредиттік үйымға жүгінді. Менеджермен сөйлескеннен кейін оның кредиті 3 айға кейінге қалдырылды. Бұл ретте кредиттік менеджер ешқандай құжатқа қол қою қажет емес екенін айтты.

З ай өтті, Қайрат кейінге қалдыру қандай шарттармен берілгенін ұмытып қалды, біраз уақыттан кейін ай сайынғы сома өскені және мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімақы есептелгені туралы хабарлама алды.

Қайрат кредиттік үйымның бөлімшесіне келіп, оны әлдебіреумен шатастырып, хабарламаны қателесіп жібергеніне сенімді болды. Алайда кредиттік менеджермен сөйлескеннен кейін кейінге қалдыру нәтижесінде өтеу кестесі өзгергенін, ал өтеу сомасы бүкіл 3 айға сыйақы сомасын төлеу қажет болғандықтан өскенін түсінді. Қайрат наразылышын білдірді, бірақ кредиттік менеджер ол туралы ескерткенін және қосымша ешқандай құжаттарға қол қоюдың қажет емес екенін тағы бір атап өтті.

**КРЕДИТТЕУ
ШАРТТАРЫНЫҢ
ӨЗГЕРҮІ ТУРАЛЫ
ҚОСЫМША КЕЛІСІМ
ЖАСАҒАН ДҰРЫС!**

Қайраттың жағымсыз тәжірибесіне сүйене отырып, өзіңізді күтпеген жағдайлардан қорғаудың жалғыз мүмкіндігі – егер реттеуші тыйым салмаса, қосымша келісім жасау немесе менеджерден төлем кестесі қалай өзгеретіні туралы толық ақпарат алу. Қосымша келісім жасал немесе төлемдердің жаңа кестесі бойынша ақпарат алғып, Қайрат барлық шарттар мен өтеу кестесі нақты сипатталған құжатты алар еді.

МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Стандартты микрокредит беру туралы шарттың баптары қандай екенін және онымен танысу кезінде неге ерекше назар аудару керектігін мұқият қаастырып көрейік.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- ◆ шарттың барлық негізгі ережелері алғашқы беттерде көрсетіледі,
- ◆ кесте осы шарттарға байланысты құрастырылады.

Сонымен алғашқы беттерде көрсетілуі керек шарттың негізгі ережелері:


- ✓ шартты жасау күні;
- ✓ микроқаржылық үйімның атауы және қарыз алушының аты-жөні;
- ✓ микрокредит сомасы, микрокредит бойынша төленетін артық сома, сонымен қатар болған жағдайда – микрокредиттің пайдалану мақсаты туралы мәліметтер;
- ✓ микрокредитті өтешу мерзімі;
- ✓ сыйақы мөлшерлемесі/мәні;
- ✓ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (шартты жасау күнінде микрокредиттің нақты құны);
- ✓ өтешу əдісі;
- ✓ өтешу тәсілі;
- ✓ шарт талаптарын бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) есептешу тәртібі және мөлшері.

Бұл шартқа қол қою кезінде назар аударуды қажет ететін шарттың жалпы (негізгі) ұғымдары.

ШАРТТЫ МҰҚИЯТ ОҚУ ҚАЖЕТ, ӨЙТКЕНІ ОНДА СІЗГЕ ТИІМСІЗ ТАЛАПТАР БОЛУЫ МҮМКІН.

ЕГЕР БІР НӘРСЕ ТҮСІНІКСІЗ БОЛСА, ҚЫЗМЕТКЕРДЕН ТҮСІНДІРУІН СҰРАУ КЕРЕК НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ОҚЫП, ОНЫМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСУ ҮШІН ӨЗІҢІЗБЕН БІРГЕ АЛЫП КЕТЕР КЕРЕК.

**ШАРТКА ЖӘНЕ КРЕДИТТІ РӘСІМДЕУ БОЙЫНША ІЛЕСПЕ
ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЮ КЕЗІНДЕ ҚҰЖАТПЕН МҰҚИЯТ
ТАҢЫСЫП ШЫҒУ ҚАЖЕТ. СЕБЕБІ КРЕДИТТІК ШАРТТАҒЫ
ҚОЛЫҢЫЗ СІЗДІҢ ҚАРЫЗ АЛУШЫ РЕТИНДЕ ОНЫҢ
БАРЛЫҚ ШАРТТАРЫМЕН ТАҢЫСКАНЫҢЫЗДЫ ЖӘНЕ
ОЛАРМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕТІНІҢІЗДІ БІЛДІРЕДІ.**



БІЛГЕН МАҢЫЗДЫ!

Егер кредит **мобиЛЬДІ қОСЫМША** немесе **сайт арқылы** рәсімделсе, оның қағаз нұсқаға рәсімделген құжатпен тең күшке ие екенін түсіну керек. Электрондық цифрлұқ қолтаңба (ЭЦК) қағазға қойылған қолтаңбамен бірдей күшке ие.

Кредиттік үйымның сайтындағы жеке кабинетіндегі күпиясөзін немесе электрондық цифрлұқ қолтаңбаны ешкімге берменіз, себебі олардың көмегімен Сіздің атыңыздан кредит алуға болады, бұл жағдайда кредитті өзіңіз төлеуге мәжбур боласыз. Кредитті алмағаныңызды дәлелдеу қынғынға соғады, ол үшін полицияға не сотқа жүгіну керек.

Кредитті рәсімдеу кезінде қоятын қанатбелгілер бұл жай ғана формальдылық емес, бұл Сіздің кредит үйымында бірнеше жыл бойы сақталатын дербес деректеріңізді беруге қол қойған келісіміңіз.

Есінізде болсын, заңнамада кредиттік шартты екіге бөлуге рұқсат етіледі, олардың біреуі кредиттік үйымның реңсі сайтында орналастырылады, ал жеке кредиттеу шарттары бар басқа бөлікке қарыз алушы қол қояды (қағаз түрінде немесе электронды түрде). Бұл ретте екі бөлікте бірыңғай микрокредит беру туралы шартты құрайды және бір-бірінен бөлек қаралмайды. Соңдықтан, егер Сіз қол қойған құжатта қосылу туралы шарт туралы айтылатын болса, онда кредиттік үйымның веб-сайтында орналасқан кредиттік шарттың бір бөлігін оқып шығыңыз.

Жоғарыда көрсетілген жалпы талаптардан басқа, шартта олар хабарлама жіберетін тараптардың заңды мекенжайлары, үйымның пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның реңми интернет-ресурсы (болған кезде) туралы де-ректер; микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі; қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз ету (ол болған кезде қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған кезде кредиттік үйым қабылдайтын шаралар; кредиттік үйымнан коллекторлық агенттікке және басқа тұлғаларға беру (қарыз алушының борышын өндіріп алу құқығын беру) шарттары сияқты басқа да маңызды талаптар қамтылады.



ТЕКСЕРГЕН МАҢЫЗДЫ!

Шартта кредиттік үйымның шарттың қолданыс мерзімі ішінде пайызыдық мөлшерлемені өзгерте алатыны туралы ереженің бар-жоғын тексеріңіз және егер осындағы ереже бар болса, онда клиентке қалай хабар берілетініне көз жеткізіңіз. **Бұл өте қауіпті шарт**, өйткені ол кредиттік үйымға кредит төлемін үлгайтуға рұқсат береді.

Стандартты кредиттік шартта “**Тараптардың құқықтары мен міндеттері**” тармағында осыған дейін айтылып өткен кредитор мен қарыз алушының құқықтары мен міндеттері тағы да, кейде қарыз алушы үшін тиімсіз кейбір жаңа “ньюостармен” жазылады.



МІНДЕТТИ!

Кредитті өтеу растваушы құжатпен рәсімделуі тиіс – кіріс-кассалық ордер және (немесе) төлем терминалынан алғынған фискалды чек. Оларды кредитті толық өтегенге дейін, тіпті өтеп болғаннан кейін тағы біраз уақыт сақтап қойған жөн. Мұндай құжаттар болмаған жағдайда төлемнің жүргізілгенін дәлелдеу өте қыын болады.



ЕСТЕ САҚТАҒАН МАҢЫЗДЫ!

Мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімақы немесе айыппұл төлемеу үшін өтеу кестесінде белгіленген кредит бойынша негізгі борышты және пайыздарды өтеу мерзімін нақты есте сақтау қажет.

“Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету” бабында (бөлімінде) қарыз алушының кредиттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз етудің нақты түрі (кеңіл немесе кеңілдік) көрсетіледі.



“Кредитті қамтамасыз ету” деген сөз қарыз алушының кредиторға микрокредит сомасы мен пайыздарды қайтару міндеттемесі кез келген жағдайда қарыз алушының жеке мүлкі немесе кеңілдікке қол қойған немесе өз мүлкін кредит үйіміна кеңілге берген жақын адамдардың мүлкі есебінен өтелетінін білдіреді.

Егер Сіз басқа тұлғаның кеңілгери болсаңыз, Сіз оны жақсы білуге және оның төлем қабілеттілігіне сенімді болуға тиіссіз, себебі кеңілдікке қол қойған кезде Сіз кредит үшін қарыз алушымен бірдей жауап бересіз. Бұл ретте кредиттік үйім, егер қарыз алушыда өз борышын қайтару мүмкіндігі болмаса, қарыз алушының қарызын сізден толық көлемде өндіріп алуға құқылы. Кеңілдіктен өз қалауыңыз бойынша бас тарта алмайсыз. Ол үшін кредитордың келісімі қажет.

Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған кезде кредиттік үйім қабылдайтын шаралар туралы шарттар кредиттік үйімның тұрақсыздық айыбын (өсімпұл немесе айыппұл) есептей және өндіріп алу құқығын ғана емес, сондай-ақ кредиттік үйім пайда болған берешекті өтеу үшін қабылдайтын басқа да іс-әрекеттерді, мысалы, қарыз алушының үялды телефонына мерзімі өткен берешек сомасы туралы еске салатын SMS жіберуді немесе талап-арыз немесе микрокредиттің барлық сомасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты жіберуді қарастырады.





МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

Жеке куәліктің немесе басқа құжаттың түпнұсқасын, көшірмесін қызметкерде қалдыруға немесе сенімхат арқылы рәсімделген тұлға болмаса, оны үшінші тұлғаға беруге болмайды. Өзініздің негізгі құжаттарының (жеке куәлік, кепілді қамтамасыз етудің құқық белгілеуші құжаттары және т. б.) мұқият болу қажет.

Кредиттік шарттың қорытынды ережелері. Бұл бөлімде әдетте шарттың күшіне ену күні, оған қол қою күні көрсетіледі және кредит сомасын, пайыздарды және басқа төлемдерді қарыз алушының толық қайтаруына дейінгі шарттың әрекеті туралы айтылады.

Бұл бөлімде сондай-ақ кредиттік үйым қандай да бір өзгерістер туралы хабардар ететін, келесі төлемнің күні туралы ескертетін немесе мерзімін өткізіп алу және оны өтеу қажеттілігі туралы еске салатын байланыс тәсілдері көрсетіледі. Сондай-ақ бұл тәсілдер қарыз алушының кредиттік үйиммен байланысы үшін қолданылады.



МАҢЫЗДЫ!

Егер шартта Сіз электрондық поштаны көрсетсеңіз немесе SMS немесе WhatsApp арқылы ақпарат алуға келіссеніз, онда кредиттік үйым Сізге барлық хабарламаларды тек солар арқылы, пошта арқылы қағаз құжатсыз жіберуге құқылы. Сондықтан барлық шынайы нөмірлер мен мекенжайларды дұрыс көрсеткен маңызды, ал өзгерген жағдайда менеджерге жаңа мекенжайының және нөміріңіз туралы дереу ескерту керек, әйтпесе ақпарат ескірген деректерге келеді, бірақ Сіз алған болып саналады.

МАҢЫЗДЫ

**Егер Сіз микроқаржылық үйыммен (МҚҰ) шарт жасасаңыз,
01.01.2020 жылғы МҚҰ туралы Заңға енгізілген
МҚҰ-ға қойылатын кейбір талаптарға назар аударыңыз.**

МҚҰ ҚҰҚЫЛСЫЗ:

- !** сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- !** кепілсіз банктік қарыз және микрокредиттер бойынша құнтізбелік 60 қүннен астам, айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға қысқамерзімді микрокредитті (мерзімі 45 қүнгө дейін сомасы 50 АЕК дейін) беруге;
- !** микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және қарыз алушыдан алуға;
- !** жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
- !** кепілге салынған заттарды пайдалануға және оларға өкімдік етуге;
- !** жеке тұлға кепілсіз микрокредит бойынша өтеу мерзімін 90 қүннен асырғанда тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есепке жазуға және талап етуге;
- !** берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде сотқа берешекті өндіріп алу туралы талаппен жүгінуге, көрсетілген кезең үшін есептелген сыйақыны төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға;
- !** тұрғын үй және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер участесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша өтеу мерзімін қатарынан 180 құнтізбелік қүннен асырғаннан кейін есепке жазылған сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқықсыз.

Егер Сіз микроқаржылық үйым алдындағы берешегінізді ұзақ уақыт өтемеген жағдайда, ол өз құқықтарын коллекторлық агенттікке бере алады. Бұл жағдайда Сіздің микроқаржылық үйыммен қарым-қатынасыңыз тоқтатылады және борышты өтеуге байланысты барлық мәселелерді Сізге осы коллекторлық агенттікпен шешу қажет болады. Бұл ретте микроқаржылық үйим Сізге өсімпұлды немесе сыйақыны өтеу мерзімін ұзарту немесе есептен шығару туралы мәселені шешуге көмектесе алмайды. Бұл жағдайда Сіз берешектің барлық сомасын коллекторлық агенттікке төлеуге міндетті боласыз. Сонымен, Сіз шартқа қол қойдыңыз немесе қол қоюды жоспарлап отырысyz және оның шарттарымен таныстыңыз.



СОНЫМЕН, СІЗ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫҢЫЗ НЕМЕСЕ
КОЛ ҚОЮДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫРСЫЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРТТАРЫМЕН
ТАНЫСТЫҢЫЗ. ЕНДІ КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ТӘҢГЕРІМІН ТҮСІНЕЙІК,
ӨЙТКЕҢ ҚҰҚЫҚТАРСЫЗ МІНДЕТТЕР МЕН
МІНДЕТТЕРСІЗ ҚҰҚЫҚТАР БОЛМАЙДЫ.



КЕЗ КЕЛГЕН МӘМІЛЕНІң БАСТЫ ТАЛАБЫ – ӨЗАРА ТИІМДІЛІК

Тұрақты серіктестік әрбір тарап өзінің пайдасын алған жерде ғана болуы мүмкін.



**Кредитті алатын тұтынушының
пайдасы қандай?**

Қажетті соманы жинау мүмкіндігі болғанға дейін тауарды әлдекашан ерте сатып алу және пайдалануды бастау.

**Кредиттік үйымның алатын
пайдасы қандай?**

Миссияны орындау.

Жоғары табыс алу үшін бизнеске қара-жаттар салу.

Қызметті кеңейту.

Егер жалақыға дейін жетпесе, қажетті соманы алу.

Пайда табу.



ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Біз кредиттік мәміленің екі жақ да тиімді және тараптар тең құқылы серіктестер болып табылатынын анықтадық. Серіктес ретінде екі тарап та: қарыз алушы да, кредитор да, бір-бірінің алдында құқықтар мен міндеттерге ие. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың көпшілігі өз құқықтарын толық біле бермейді, бірақ бұл олардың құқықтары жоқдеген сөз емес.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ КЕЛЕСІ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ

1. Ақпарат алуға қатысты.

- Шартқа қол қойғанға дейін төмендегілерді есепке алғанда, кредиттің шарттарына қа-
тысты барлық қажетті ақпаратты алу:

- 
- сыйақының жылдық тиімді мөл-
шерлемесі;
 - бір рет немесе мерзімді тұрақты тө-
леуді қажет ететін барлық комис-
сиялар мен төлемдер;
 - кредит берілетін мерзім;
 - кредитті қамтамасыз етуге қойы-
латын талаптар;
 - кредиттің кезекті өтелуін өтеу мер-
зімінен кешіктірген жағдайда айып-
пұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық
айыптары;
 - кредитті өтеу кестесі.

- Кредитті алуға және пайдалануға қатысты кез келген мәселелер бойынша қосымша түсініктеме алудын хабарласу.
 - Алдын ала зерттеу үшін келісімшарттың мәтінін, қажет болғанда, заңгердің кеңесін алу.
-

2. Өтегуге қатысты:

- кредит беру туралы шешім шығарылғанның өзінде кредит алудан бас тарту немесе ойлану және түпкілікті шешім қабылдау үшін қосымша уақыт сұрай;
- кредитті мерзімінен бұрын өтегу.

3. Этикаға қатысты:

- кредиттік үйымның қызметкерлері тарапынан сыпайы қарым-қатынас;
- төлем кешіктірілген жағдайда кредиттік үйымның өкілдері тарапынан сыпайы қарым-қатынас;
- кез келген мәселемен келу кезінде кредиттік үйым өкілдерінің тарапынан клиенттермен сыпайы қарым-қатынас;
- үйымда қабылданған рәсімге сәйкес шағым беру.

4. Қарыз алушы деректерінің құпиялығына қатысты:

| қарыз алушының деректерін үйымның қалай басқаратынын білу;

| қарыз алушының дербес деректеріне қатысты құпиялылықты сақтау.

Әдетте, барлық қаржы үйимдарында шағымдар, ескертпелер және ұсыныстар берудің келесі тәсілдері болады:

сенім телефоны, немесе “шүғыл желі”, оған Сіз Қазақстан Республикасы бойынша тегін қоңырау шала аласыз;

барлық дерлік сайttарда клиенттердің сұрақтары мен өтініштеріне арналған бөлім бар, онда Сіз арыз-шағымыңызды жазып қалдыра аласыз;

кеібір үйимдарда сенім жәшіктері бар, ол жәшікке Сіз шағымыңызды жазып қалдыра аласыз;

қаржы үйымының басшысының атына пошта арқылы жазбаша арыз-шағымыңызды жібере аласыз;

Сіз жазбаша арыз-шағымыңызды үйимның кеңесінде, хатшыға тіркетіп қалдыра аласыз.

НАЗАР АУДАРЫНЫЗ! Егер Сіз өзініздің сұрағыңызға жеке жауап алғыңыз келсе – байланыс деректеріңізді қалдырыңыз, Сізге міндетті түрде хабарласады. Бұл қарыз алушының негізгі құқықтары мен міндеттерінің тізімі екенін назарға алыңыз! Сіздің кредиттік үйимға қатысты міндеттеріңізді қызметкерлер толық түсіндіруі мүмкін, ал Сіздің құқықтарыңыз туралы ондай егжей-тегжейлі түрде берілмеуі мүмкін, сондықтан ез құқықтарыңызды білген және оларды қолданған маңызды.

АРМАННЫҢ ОҚИҒАСЫН АЛЫП ҚАРАЙЫҚ



Арман кредитке өтінімді ресімдеген кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (СЖТМ) есептелуін сұрады, оны басқа кредиттік үйымдағы СЖТМ-мен салыстырығысы келді.

Кредиттік қызметкер Арманға бос уақытының жоқтығын желеу етіп бас тартты, барлық ақпаратты кредитті ресімдеу кезінде беретіндігін айтты. Арман өзінің құқықтары тура-лы алдын ала танысқан болатын және кредиттік қызметкерге төмендегідей жауп берді: “Кредит туралы түпкілікті ақпаратты алу – менің құқығым. Қандай кредиттік арзанақта екенін салыстыру үшін мен кредит бойынша өзімнің барлық бастапқы және болжашақта орын алуы мүмкін шығындарымды, соның ішінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін білуім қажет. Сіздің міндеттіңіз – маған түсіндіретін қажетті ақпаратты беру, сондықтан, өтінішімді орындауыңызды сұраймын”.

Егер Сіз осындаған жағдайға тап болсаңыз, және осындаған өтініштен кейін де банк қызметкери Сізге қажетті ақпаратты бермесе, оның басшысына арыз-шагым жазуыңызға болады.

- !** Кредиттік міндеттерінің орындаған кезде тәртіпті қатаң сақтау көрінізді еске сақтаңыз, өйткені Сіздің кредиттік тарихыңыз осыған байланысты.

- !** Кредиттік міндеттерді үқыпты, бұлжытпай орындан жүрсөңіз жақсы кредиттік тарих қалыптастырасыз, нәтижесінде келесі кредиттерді әлдеқайда тиімді шарттармен алу мүмкіндігіне ие боласыз.

- !** Қаржы үйымдары алған кредитті өтеу барысында проблемасы болған клиенттердің алған кредиттерді “тәуекелі басым” кредиттер ретінде қарастыратындықтан, ондай клиенттердің өтінімдеріне қатаң талаптар қойылады, тіпті кредит бермеуі мүмкін.

ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Ақпарат беруге қатысты:

- | кредиттік шешім қабылдау үшін талап етілетін барлық ақпаратты ашу;
 - | төлеу мүмкіндігіне байланысты өзгерістер туралы хабарлау.
-
- | бар кредиттері туралы хабарлау;

2. Өтеуге қатысты:

- | алған кредитке қатысты барлық, комиссияны және басқа төлемдерді толық төлеу;
- | қамтамасыз ету шартын рәсімдеуге қатысты шығыстарды төлеу;
- | кредиттік шартта көрсетілген мақсаттарға ғана кредит сомасын жұмсау;
- | кредитті, пайыздарды, өсімақы және (немесе) айыппұл түріндегі тұрақсыздық айыбын уақытылы төлеу;
- | кредит және (немесе) пайыздар бойынша төлемдердің өтеу мерзімін кешіктірген жағдайда осындаидай берешекті дереу төлеу.



ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҰСЫНЫМДАР

АЛҒАН КРЕДИТТІН, АКШАСЫН
КАРЫЗҒА БЕРМЕНІЗ, БАСҚА БІРЕУЛЕР
УШИН КРЕДИТ АЛМАҢЫЗ, ӨЙТКЕҢІ
КРЕДИТТІ ӨТЕҮГЕ КАРЫЗ ШАРТЫНА
КОЛ ҚОЙҒАН АДАМ ЖАУАПТЫ
БОЛАДЫ.

ТЕКСЕРІЛМЕГЕН ҰЫЫМДАРҒА
ЕШҚАШАН ХАБАРЛАСПАНЫЗ ЖӘНЕ
БЕЛГІСІЗ АДАМДАР ҰСЫНҒАН
ҚҰЖАТТАРҒА КОЛ ҚОЙМАҢЫЗ.

КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ
ҚҰЖАТТАРЫҢЫЗДЫН ТҮПНУСКАЛАРЫН
БЕРГЕНДЕ, ӘРДАЙЫМ ОЛАРДЫН,
ЖАНЫНДА БОЛЫҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗДІҢ,
ҚҰЖАТТАРЫҢЫЗ ОЛАРҒА НЕ УШИН ҚАЖЕТ
ЕКЕНИН НАҚТЫЛАҢЫЗ. СІЗГЕ ОЛАРДЫ
БІРДЕН КАЙТАРУЫН КҮТИҢІЗ,
ҚҰЖАТТАРЫҢЫЗДЫ БАСҚА АДАМҒА ҰЗАҚ
ҰАҚЫТКА ЕШҚАШАН ҚАЛДЫРМАҢЫЗ.

ТОБЫҢЫЗДЫН ҰЙЛЕСТІРУШІЛЕРІНЕН
БӨЛЕК, КРЕДИТ ӨТЕУ УШИН АКШАЛАЙ
КАРАЖАТТЫ ЕШКІМГЕ ЕШҚАШАН
БЕРМЕНІЗ. КАССАЛАРДА НЕМЕСЕ
ТЕРМИНАЛДАРДА АЙ САЙЫНҒЫ
ТӨЛӨМЕДЕРДІ ӘРДАЙЫМ ӨЗІНІЗ
ӨТЕҢІЗ.

КРЕДИТТІ РӘСІМДЕГЕНИ УШИН
КАРЖЫЛЫҚ ҰЫЫМНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ СІЗДЕН СЫЙЛЫҚ
ЖӘНЕ БАСКАЛАЙ АЛҒЫС ТУРЛЕРІН
ТАЛАП ЕТҮГЕ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ, ЕГЕР
ОНДАЙ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛСА, ОНДА СІЗ
БІЗДІН САБАКТАРЫМЫЗДА
КОРСЕТИЛГЕН БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ
АРҚЫЛЫ ХАБАРЛАСА АЛАСЫЗ.



5-САБАК ЖИНАК АҚША МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР.

KMF.ДЕМЕУ





Жинақ ақшалар – бұл біз келешекте қандай да бір белгілі бір мақсатқа пайдалану үшін немесе табыс алу үшін жинайтын ақша. Жинақтау мақсатына қарай Сізге оларға қол жеткізу үшін әр түрлі мерзім қажет болуы мүмкін, мысалы:

**ҚЫІСҚА МЕРЗІМДІ
МАҚСАТТАР**
(1 жылга дейінгі
мерзіммен)



әшекейлер сатып алу
демалыс және саяхат
бизнеске салу

**ОРТАША МЕРЗІМДІ
МАҚСАТТАР**
(2-3 жыл мерзімге)



автомобиль сатып алу
жиһаз сатып алу
үй жөндеу

**ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
МАҚСАТТАР**
(3 жылдан асатын
мерзімге)



баспана сатып алу
үйлену тойы
балаларды оқыту

Инвестиция дегеніміз – белгілі бір активтер мен мүмкіндіктерге ұзақ мерзімді негізде ақша салу.

Жинақтың инвестициядан басты айырмашылығы – тәуекел деңгейі. Әр түрлі банктік салымдар түріндегі жинақ әдетте төмен пайда әкеледі, бірақ олар қауіп туғызбайды. Керісінше, инвестициялау сізге жоғары пайда алуға мүмкіндік береді, бірақ шығындар қаупі әлдеқайда жоғары.

Жинақ, әдетте, белгілі бір мерзімге бірдеңе сатып алудың немесе төтенше жағдайлар түніндеған кезде қаржы резервін құрудың нақты мақсатына ие. Инвестициялау – бұл болашақта тұрақты пассивті кіріс алу үшін активтерді қалыптастырудың шекіз әдісі.

ЖИНАҚТАУДЫҢ ҚАНДАЙ ТӘСІЛДЕРІ БАР

- ▶ Қолма-қол ақшаны үйде сақтау немесе “Ақшаны үйде тығамыз!”
- ▶ Алтын сатып алу және т. б.
- ▶ Мал сатып алу
- ▶ Жер сатып алу
- ▶ Банкте депозит ашу
- ▶ Инвестициялар

Жинақтау тәсілдерінің әрқайсысы белгілі бір тәуекелдермен байланысты. Қаражаттарды сәтті жинақтау үшін бірнеше әдісті пайдаланудың мәні бар – осылайша, тәуекелдердің азайтуға болады.




**Жинақтау
тәсілі****+ OH +****- ТЕРІС -****Ақшаны үйде
сақтау****Болжанбаган жағдайларда
қолжетімді, яғни әрдайым
қолда бар.****Жұмсап жіберуініз мүмкін.
Ұрлап кету қаупі бар.****Алтын
сатып алу****Қарыз алу үшін кепіл ремінде
пайдалану мүмкіндігі бар.
Мысалы, ломбардқа өткізу
және олар үшін қолма-қол ақша
алу оңай.****Арзандап кетуі мүмкін. Сатып алу
багасынан әлдеқайда төмен бағада
өткізу немесе кепілге қоюы мүмкін.
Ұрлап кетуі немесе жоғалтып
алуы мүмкін.****Мал сатып алу****Сатқан кезде қосымша кіріс
түседі. Бір болігін отбасының
тұтынуына пайдалануға болады.****Аурудан жоғалту қаупі бар. Қосымша
жұмыс. Сату және ақша алу үақыт
алады. Бағасы ақша қажет бол
түрганда арзан болуы мүмкін.****Жылжымайтын
мүлік немесе
жер сатып
алу арқылы
инвестициялау****Бағаның төмендеу
ықтималдығы төмен.****Ірі ақша сомасын дереу салу қажет.
Қолма-қол ақша алу үшін жерді немесе
жылжымайтын мүлікті сату
көрек, ол көп үақыт алуы мүмкін.****Банктегі
депозит****Ақшаның сақталуы. Мақсатсыз
жұмсалу ықтималдығы төмен.
Ақша өзінің құнын сақтайды –
депозит бойынша пайыздар.****Депозиттен мерзімінен бұрын
алғанда пайыздарды жоғалтуы
мүмкін. Сенімді банкті таңдау
қажет, депозитті әрдайым
толтыра бермейді.****Инвестициялар****Пассивті табыс алу мүмкіндігі.****Тәуекелдер.**

ТАБЫСТЫ АҚША ЖИНАУ ЕРЕЖЕСІ




- Ақша жинауды нақты мақсат етіп қойыңыз және оны аз сомадан бастасаңыз да қадағалаңыз.
- Шығыстарды бақылаңыз – олардың есебін жүргізіңіз.
- Беталды ақша жұмсамаңыз!
- Егер қажетсіз затты сатып алууды бастасаңыз, Сіз қажетті затыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін.
- Жұмсағаннан қалған ақшаны жинамаңыз, көрініше жинағаннан қалғанды жұмсаңыз.
- Ақшаны тұрақты түрде жинаңыз!
Ақша жинауга дағдыланыңыз.**
- Өзіңе және отбасы мүшелеріне қосымша табыс табу мүмкіндітерін қарастырыңыз.
- Тауарлар мен азық-түлікті маусымдық төмен бағамен сатып алыңыз: маусымның соңында киім мен аяқ-киім маусымның басына қарағанда арзанырақ; көкөністер мен жемістерді маусымына қарай сатып алыңыз.
- Газды, электр қуатын, суды үнемдеу мүмкіндігін пайдаланыңыз.
- Ұзақ сақталатын кейбір өнімдерді (ұн, қант, өсімдік майы) көтерме бағада көп мөлшерде сатып алу мүмкіндігін іздеңіз.



ӘР АДАМ АКШАСЫН ҚАЙДА
ИНВЕСТИЦИЯЛАСАМ ЕКЕН ДЕП ОЙЛАНАДЫ. БІРЕУЛЕР
ДЕПОЗИТКЕ САЛДЫ, БАСКАЛАР БАҒАЛЫ МЕТАЛДАР НЕМЕСЕ
ЖЫЛЖЫМАЙТАҢ МҮЛКІ САТЫП АЛАДЫ. АЛ КЕЙБІР
АДАМДАР БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫң
ҚҰРАЛДАРЫНА АҚША САЛҒАНДЫ
ЖӘН ТӨРДЕДІ.

СОҢҒЫ ҮАҚЫТТА ҚАРЖЫЛЫҚ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БІРАЗ ТҮРЛЕРІ
ТАҢЫМАЛ БОЛЫП КЕЛЕДІ. ЕҢ КӨП
ТАРАҒАНДАРЫН ҚАРАСТАРЫАЙЫК.



АКЦИЯЛАР

Акциялар – бағалы қағаздар нарығындағы ең танымал қаржы құралы. **Акция** – бұл акционерлік қоғам, басқа сөзбен айтқанда эмитент компания шығаратын бағалы қағаз. Акция сатып алған барлық инвесторлар компанияның ортақ иесіне айналады. Акция оның иесінің компанияда улесі бар екенін растайды (тіпті өте аз болса да). Мысалы, егер барлығы 100 акция шығарылса, ал Сіз оның біреуін сатып алсаңыз, онда Сіздің үлесіңіз 1% құрайды.

Акцияның үшін сатып алады?



Компанияны басқаруға қатысу үшін акциялар пакетін сатып алуға болады. Дегенмен, көбінесе, акцияларды табыс көру үшін сатып алады:

дивидендтер есебінен. Егер жыл қорытындысы бойынша компания пайда көрсе және жалпы жиналыс оны акционерлер арасында бөлү туралы шешім қабылдаса, онда Сіз әр акция үшін дивиденд аласыз.

Акция құнының өсуі есебінен. Сіз акция сатып аласыз және келешекте оның бағасы өсуі мүмкін. Сіз акцияларды сатқан кезде, акцияны сатып алу және акцияны сату бағасы арасындағы айырмашылықтан кіріс аласыз.

Компания тараған жағдайда, акционер таратылатын мүлік есебінен өз үлесін алады. Сонымен қатар акционер компания үшін маңызды шешімдерді қабылдау үшін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылды.

Акциялардың түрлері

1

Жай акциялар. Акциялардың кең таралған түрі. Олар акционерлердің жиналысында дауыс беру құқығын береді, бірақ дивидендтерге кепілдік бермейді.

2

Артықшылық берілген акциялар. Дивидендтердің алдын ала айқындалған мөлшері болады — мысалы, компанияның пайдасынан пайыз түседі. Олардың иелері, егер өткен жылдың қорытындысы бойынша дивиденд алмаған жағдайда ғана дауыс беруге қатыса алады.

Дивиденд төлеудің кезектілігі акциялардың түріне байланысты. Дивиденд есептегі тәртібі компанияның жарғысында жазылады. Алайда жай акциялардың иелері үйим артықшылық берілген акциялардың иелері алдындағы барлық міндеттемені орындағаннан кейін гана дивидендтер алатындығын түсінген дұрыс.

Акциялармен жүргізілетін барлық операциялар Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде есепке алынады. Егер биржада сатып алу жүргізген брокерге бірдең болса да, Сіздің акцияларыңыз жайлы және олардың иесі Сіз екенің туралы барлық ақпарат сақталады және толық қорғалады.



АКЦИЯЛАР ТӘҮЕКЕЛІ ЖОҒАРЫ ҚҰРАЛ ЕКЕНИН ЕСТЕ ҰСТАҒАН ЖӨН!



Инвестиция салу — қашанда тәүекел ету деген сөз. Бұл бағалы қағаздардың ықтимал кірісіне пропорционалды: Сіз қашалықты көп ақша тапсаныз, соғұрлым үлкен тәүекелге барасыз. Инвесторлардың алдында түрған үш негізгі тәүекел бар.

- Сіздің ақша алатыныңызға ешкім кепілдік бермейді. Егер компания “минусқа” шықса немесе жиналасы акционерлерге пайданы бөлмеу туралы шешім қабылдаса, Сіз дивиденд ала алмайсыз. Бұл әрдайым инвестициямен қатар жүретін тәүекел.
- Сонымен қатар нарықтағы акция бағасы арзандап кетуі мүмкін екенін ескеру қажет, бұл ретте Сіз пайда алуды былай қойғанда, өз ақшаңызды жоғалтуыңыз мүмкін. Бағалы қағаздар нарығында кепілдік болмайтыны белгілі, ал тәүекел әрқашан бар. Сонымен қатар өтімділік тәүекелі де бар. Бұл акцияны әрдайым тез сатуға болмайды деген сөз, өйткені сатып алуға мүдделі екінші тарап болуы қажет. Сондықтан акцияны тезірек сату үшін бағаны төмендетуге тұра келуі мүмкін. Бұл да кірісті жоғалту болып табылады.
- Ал үшінші тәүекел, облигациялардағы сияқты – компанияның банкроттыққа ұшырау тәүекелі. Бұл жағдайда акциялар айтарлықтай құнсызданады. Дегенмен, Сіз таратылатын мүліктен үлес алуға құқылы боласыз.




ОБЛИГАЦИЯЛАР

Облигациялар (немесе бондтар) — бұл өз иесіне алдын ала белгіленген кірісті белгіленген мерзімде алуға құқық беретін бағалы қағаздар. Орналастыру кезінде облигация сатып ала отырып, инвестор облигация шығарған компанияға пайызбен қарызға ақша береді. Облигацияның әрекет ету мерзімі соңында компания оны “өтейді”, яғни инвесторға облигациялар шығарылымы проспектісінде көрсетілген оның номиналды құнын төлейді.

Облигациялар акциялармен қатар биржалық (немесе қаржылық) активтердің негізгі кластарының бірі болып саналады. Осы екі құралға көбінесе жеке инвесторлар инвестиция салады. Облигацияның басқа бағалы қағаздардан басты ерекшелігі – өз пайдаңды алдын ала бағалау мүмкіндігі.

ОБЛИГАЦИЯЛАР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компаниялар (муниципалитеттер немесе тіпті мемлекет) жаңа жобаларды қаржыланытуруға, ағымдағы операцияларды қолдауға немесе бұрынғы қарыздарды қайта қаржыландыруға қаражат қажет болған жағдайда облигациялар шығарып, сатуы мүмкін. Неге банктерден ақша алмайды деген сұраққа былай жауап беруге болады: барлық банктер талап етілген соманы беруге дайын емес – мысалы, банктен бір уақытта 1 млрд теңге алғаннан гөрі 1 млн инвестордан 1000 теңге қарызға алған оңай және пайыздық мөлшерлеме түрғысынан да арзанға түседі.



Қарыз алушы (эмитент) облигация шығарады, онда кредиттеу шарттары, төлеңүге тиіс пайыздар (купон) және өтев мерзімі – қарызға алынған қаражат (бондтың номиналды құны) қайтарылуға тиіс күн көрсетіледі.

Облигация сатып ала отырып, оның иесі пайыздардың (купон) төленетініне сенімді болады. Бұл эмитент облигация үстаушыларға олардың ақшасын пайдаланғаны үшін төлейтін кірістің бөлігі. Төлемнің мөлшерін анықтайтын пайыздық мөлшерлеме **купондық мөлшерлемедеп аталады**.

Облигацияның түрлөрі

МЕМЛЕКЕТТИК

Мемлекет шығарған облигациялар. Мысалы, Қазақстанда мұндай бағалы қағаздарды Қаржы министрлігі және Ұлттық банк шығарады, оларға КР Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздарды да жатқызуға болады. Олардың тәуекелі аз болғандықтан, кірістілігі де ең төмен.

МУНИЦИПАЛДЫҚ

Мемлекеттен басқа, борыштық қағаздарды өңірлік (облыстық) билік органдары, тіпті жекелеген қалалар (мысалы, қала және облыс әкімдіктері) шығарады.

КОРПОРАТИВТІК

Компаниялар мен банктар шығарады. Олардың сенімділігі мемлекеттік облигациялардан төмен, бірақ кірістілігі сәйкесінше жоғары. Осы облигациялардың банкротқа ұшырау тәуекелін болдырмау үшін кредиттік рейтингке (негұрлым жоғары болса, соғұрлым жақсы) және компанияның қаржылық жағдайына қарап керек.

ЕВРООБЛИГАЦИЯЛАР (НЕМЕСЕ ЕУРОБОНДТАР)

Шетел валютасында номинацияланады және халықаралық нарықта айналыста болады. Оларды компаниялар да, мемлекеттер де шығарады. “Евро” тіркемесі шығарылым валютасын білдірмейді. Еуробондтар әдетте долларға немесе евроға сатылады, бірақ басқа валюталарды да қолдануға болады — таңдау әмитентке және оның белгілі бір валютадағы қажеттіліктеріне байланысты.

МЕРЗІМІ БОЙЫНША:

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ

бұл ақша бір жылдан аз уақыт ішінде қайтарылатын облигациялар

ОРТА МЕРЗІМДІ

1 жылдан 5 жылға дейін

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ

5 жылдан астам

Облигациялардың негізгі сипаттамалары

Облигацияның номиналды құны — бұл облигацияны өтегеннен кейін қарыз алушыға төленетін сома. Көптеген қазақстандық облигациялардың бастапқы (номиналды) бағасы, әдетте, номиналды құн – 1000 теңге деңгейінде белгіленген. Шетелдік облигациялар немесе евробондтар үшін номиналды құн көп жағдайда \$1000 деңгейінде белгіленеді.

Брокерлердің қосымшаларында немесе биржалардың сайттарында жеке инвестор көретін облигациялардың нақты **нарықтық бағасы** номиналдан төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Ол бірнеше факторларға байланысты: эмитенттің кредиттік сапасы (рейтинг), өтеу мерзіміне дейінгі уақыт, купондық мөлшерлеме. Облигацияның нақты бағасын нарық анықтайды, яғни ол сұраныс пен ұсыныстың ережесіне сәйкес өзгереді. Облигацияның құны негұрлым жоғары болса, соғұрлым ол инвестициялау үшін тартымды болып саналады.

Өтеу құні — облигация эмитенті инвестормен толық есеп айырысатын, яғни номинал мен соңғы купонды төлейтін құн.

Купондық мөлшерлеме қағаздың номиналды құнына қатысты пайыздық мөлшерлемен көрсетіледі.

ОБЛИГАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КЕМШІЛІКТЕРІ



Пайыз (купон) төлеу есебінен табыс алу.

Өтегенге дейін облигацияны иеленген жағдайда негізгі инвестициялаған соманды қайтару.

Егер облигацияны сатып алған бағадан жоғары бағаға сатса, қосымша пайда көрү.



Облигация айтарлықтай және дереу қымбаттауы мүмкін акциялармен салыстыранда кірістілік шегіне ие.

Компаниялар облигациялар бойынша дефолт жариялауы мүмкін (компания банкротқа ұшырауы мүмкін).



Акциялар көп ақша табуға мүмкіндік береді, бірақ оларға инвестиция салу кезінде шығынға ұшырау ықтималдығы да жоғары. Сондықтан акциялар мен облигацияларды салыстырудың еш қисыны жоқ: олар бір-бірін толықтырады. Егер инвестор сауатты портфель құруды шешсе, ол міндетті түрде облигациялар сатып алуы қажет. Облигацияларды кірістілігі бойынша болжуа оңай және олар тәуекелдерден сақтаушы құрал болып саналады. Жаңадан бастаған инвесторларға брокерлер әдетте консервативті портфель құруды ұсынады, оның 80% сенімді облигациялар құрауы керек.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫ

Инвестициялық пай қоры (ИПК) әр түрлі инвесторлардың ақшаларын оларды қандай да бір қаржы құралдарына: акцияларға, облигацияларға, жылжымайтын мүлікке немесе басқаларға инвестициялау үшін біріктіреді. Сіз осы портфельдегі үлесті, яғни пайды сатып ала аласыз. Немесе бірнеше пайлар, олардың саны пайдың бағасына және Сіз жағаған сомаға байланысты.

Егер Сіз бағалы қағаздарға, валютаға немесе алтынға инвестиция салғының келсе, бірақ Сіздөтәжірибе болмаса, бұл ойыныңдан бастартқаныңыздырыс. Ал ИПК-іңін жаңа бастаған инвесторларға өтеп ыңғайлы: Сіз шағын сома саласыз, ал оны өз ісінің маңдары басқарады.

ИПК пайлары – бұл ИПК портфеліндегі инвестордың үлесін растайтын бағалы қағаздар. Инвесторлар арасындағы пайда олардың пайларының (немесе қордағы үлестерінің) көлемінен сәйкес бөлінеді.

ИПК-ға инвестициялау үшін инвестиция саласында мол тәжірибелі болуы маңызды емес, ол үшін ИПК-ның инвестициялық стратегиясын зерделеу және өз активтерін бағалы қағаздар нарығының лицензияланған кәсіби қатысушысы – басқарушы компанияға (БК) басқаруға тапсыру жеткілікті. БК инвесторлардың ақшасын біріктіреді және оларды табысты қаржы құралдарына: акцияларға, облигацияларға, басқа инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарына инвестициялайды, осылайша инвесторға пайлар құнының өсуінен табыс табуға мүмкіндік береді.

ИПК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ



Кірудің ең тәменгі шегі есебінен халықтың қалың бұқарасына қолжетімділігі (кейбір ИПК-да ол 100 теңгені құрауды мүмкін).

Қаражатты сауатты басқару (әрине, басқарушы компания дұрыс таңдалған жағдайда). Пайда табу үшін Сізге қаржы маманы болу қажет емес.

ИПК-ның ықтимал табыстылығы банктегі депозиттерге қарағанда айтартлықтай жоғары.

Пайлардың жоғары өтімділігі (ашық қорларда), яғни қаласаңыз, өз пайызызды 1-3 күн ішінде сатып, ақша ала аласыз.



Басқарушы компанияны таңдау үшін белгілі бір білім қажет, тіпті алдыңғы бірнеше жылдағы жұмысты талдау болашақта жақсы нәтижеге кепілдік бермейді.

Күрделі дағдарыс кезінде ИПК-ның кірістілігі тәмендеп кетеді.

ИПК қаражаты банктік салымдар сияқты мемлекеттік қорғалмаған.

БК ИПК табыстылығына қарамастан, активтерді басқарғаны үшін ай сайын сыйакы алады.





КАЗАКСТАН АУМАҚЫНДА
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ПАЙ ҚОРЛАРЫН ЛИЦЕНЗИЯЛАНғАН
СУБЪЕКТИЛЕР БАСҚАРАДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫ НАРЫҚЫН РЕТТЕУ
МЕН ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ РЕТТЕЙДІ.

ИПҚ-дан БӨЛЕК БАЛАМА ТАБЫС КӨРҮ ЖОЛДАРЫ

Егер Сіз ИПҚ инвестиция салу тақырыбын қарап шығып, бұл әдістің Сізге сәйкес келмейтінін туғызып, инвестициялардан ақша табудың балама тәсілдерін қарастырыңыз.

Ең жаңа және лайықты инвестициялық жобалардың бірі – **ETF**. Бұл биржада сатылатын бағалы қағаздардың жаңа түрі. Бұл жалпы қорға біріктірілген акциялар пакетінің немесе басқа бағалы қағаздардың нарықтық бағасын көрсететін индекс (белгілі бір салатға немесе тауарлық активтерге байланысты болуы мүмкін).

Яғни, Сіз негізгі әлемдік экономикаларда бірнеше перспективалы салаларды таңдалап, қаражат сала аласыз, ал тәуекелдер аз болады.

! Назар аударыңыз! ETF ИПҚ-дан айтартылғанда артықшылығы бар. Ол ИПҚ сияқты нарықтың жай-күйі мен басқа да қаржылық қыр-сырын егжей-тегжейлі зерттемей-ақ активтерді сатып алуға және олардан пайда алуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл жағдайда делдалға орын жоқ, Сіз кез келген брокер арқылы ETF онлайн сатып алып, сата аласыз.



АЛТЫНГА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Ежелгі өркениеттен бастап қазіргі дәүірге дейін алтын әлемдегі таңдаулы валюта болды. Бұгінде инвесторлар алтынды негізінен саяси толкулар мен инфляциядан сақтану үшін сатып алады. Сонымен қатар көптеген жетекші инвестициялық кеңесшілер инвестициялық портфельдің жалпы тәуекелін азайту үшін шикізатқа, соның ішінде алтынға инвестиция салуды ұсынады.

Ақшаны сақтау құралы ретінде алтын ұзақ мерзімді перспективада ғана пайдалы болуы мүмкін. 1979 жылдан 2019 жылға дейін бағалы металл жылына орта есеппен 3 - 3,5%-ға өсті. Сонымен қатар баға уақытша төмендеуі мүмкін, бұл кезде минуска кету қаупі бар. Әдетте алтын дағдарыс кезінде немесе дағдарысқа жақын жағдайларда күрт өседі, онда күтілетін пайыздық мөлшерлемелер инфляциямен салыстырғанда төмен, ал ұлттық валюталар девальвацияға ұшырағанда орын алады. Экономика сенімді және тұрақты өскенде, алтын бағасы қарқынды өспейді.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРИ



Алтын қандай да бір елдің экономикасына немесе валютасына тәуелді емес.

Металл уақыт өте тозбайды.

Алтын дағдарыстар мен инфляциядан қорғалған.

Құбылмалығы төмен.

Тұрақтылығы жоғары.

Әмбебап есептесу құралы.



Пайданы ұзақ күту.

Физикалық алтынды сатып алған кезде дивидендтердің болмауы.



Акциялар мен облигациялардың онлайн саудасына үйреніп қалған инвесторлар үшін физикалық алтынға инвестиция салу қыын болуы мүмкін. Физикалық алтын туралы сөз болғанда, Сіз әдетте дәстүрлі брокерлік кеңселерден тыс дилерлермен қарым-қатынас жасаісyz және Сізге сақтау үшін ақы төлеуге және инвестицияларыңыз үшін сақтандыру алуға тұра келеді. Физикалық алтынға инвестициялаудың екі негізгі нұсқасы – құймалар мен әшекейлер.



АЛТЫН ӨНДІРУ КОМПАНИЯЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Алтынды өндіру, өңдеу және сатумен айналысатын компаниялардың акцияларына инвестиция салу физикалық алтынды сатып алушан гөрі оңай әдіс болып табылады. Алтынға салынған инвестициялардан айырмашылығы – бұл жерде дивидендер төленеді.

Алтын өндіретін компаниялардың акциялары алтын бағасымен байланысты екенин және әр компанияның ағымдағы кірістілігі мен шығындарына байланысты көрсеткіштерге негізделгенін үмтітпаңыз. Бұл жеке алтын өндіретін компанияларға инвестициялау кез келген басқа акцияларға салынатын тәуекелдермен бірдей деген сөз. Жекелеген акциялар қыбылмалылықтың белгілі бір деңгейін сезінүі мүмкін және әртараптандырылған қорлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді. Алайда, бұл акциялардың өсіу шикізат бағасынан әлдеқайдада көп болуы мүмкін.



АЛТЫН ETF

ETF – биржада сатылатын қор. **Алтын ETF** – алтын нарығына бағытталған бағалы қағаз. ETF көмегімен Сіз әдеттегі акциялармен жасайтын операцияларды жүргізе аласыз. Алтын ETF және пай қорларына инвестициялау Сізге алтынның үзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ете алады, мұнда физикалық алтынмен сауда жасаудан гөрі үлкен өтімділік және жеке алтын акцияларын сатып алушан гөрі үлкен әртараптандыру болады.

Мынаны есте сақтау керек: алтын акциялардағыдай Сіз алтын сатып алмайсыз, тек қарызық міндеттемелермен немесе тау-кен компанияларының акцияларымен немесе физикалық құймаларға фьючерстік және опциондық келісімшарттармен қамтамасыз етілген бағалы қағаздарды сатып аласыз. Бұл дегеніміз, алтынның инвестициялық пай қорлары мен ETF құны алтынның нарықтық бағасына сәйкес келмеуі мүмкін және бұл инвестициялар физикалық алтын сияқты жұмыс істемеуі мүмкін.

БИЗНЕСКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Табыс әкелетін дайын бизнеске қаражат салу тиімді. Бұл жағдайда қосымша инвестициялар қолда бар пайданы арттырады. Тәуекелдер, әрине, сақталады. Бірақ оларды басқаруды оңай үйренуге болады. Қесіпкер жұмыс істеп, пайда табу үшін қаражатты қайда бағыттау керектігін өзі шешеді.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Егер тұрғын үй немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік сатып алу үшін қаражат жеткілікті болса, бұл инвестициялаудың оңай әдісі. Соңғысы көп табыс әкеледі, бірақ сонымен бірге белгілі бір білім мен сауаттылықты қажет етеді. Жылжымайтын мүлік – тек ғимараттар ғана емес, сонымен қатар жер, карьерлер, көлдер, катерлер, ұшақтар. Адамдар орнына жалға беруге, кепілге қоюға немесе жеке қажеттіліктері үшін пайдалануға болатын қатты және материалдық нәрсе алса, ақшасын психологиялық тұрғыдан оңай жұмсайды.

Бұл ақша табудың құралы емес, ақшаны жоғалтпау үшін жақсы құрал! Жылжымайтын мүліктің ешқашан бағасы түспейді. Керісінше, бағасы үнемі өседі. Екіншіден, Сіз оны сатып алып, өсуді күтіп қана қоймай, ақша табу үшін белсенді пайдалана аласыз. Жалға беруге немесе өз бизнесіңіз үшін пайдалануға болады.

ОҢ ЖАҚТАРЫ:


- пассивті кіріс алу мүмкіндігі;
- сатып алу және сату бағасы арасындағы айырмашылықтан пайда көруге болады;
- ақшаны сақтаудың және оны инфляциядан қорғаудың жақсы тәсілі;
- жылжымайтын мүлік – бұл бизнес үшін немесе тұрғын үй үшін пайдалануға болатын материалдық актив.

ТЕРІС ЖАҚТАРЫ:

- Сізде үлкен бастапқы капитал болуы керек;
- нарықтық құнын жоғалтпай тез сата алмайсыз;

жалға алушылар, су тасқыны, өрт және т. б. активті бұзы мүмкін. Шешімі – қосымша шығындарды талап ететін сақтандыру.

Біз Сіздерді жинақ пен инвестицияның негізгі түрлерімен таныстырудық. Олардың кейбірін бірден қабылдауға болады, кейбіреулері белгілі бір дайындық пен білімді қажет етеді. Қалай болғанда да, олардың әрқайсысы қаржылық мақсатқа жетудің және әл-ауқатты арттырудың тамаша тәсілі.



ЖАҢА БАСТАҒАН ИНВЕСТОРЛАРГА АРНАЛҒАН НЕРІЗГІ КЕҢЕСТЕР

ЕШҚАШАН СОНҒЫ АКШАҢЫЗДЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАМАНЫЗ. АЛДЫМЕН,
ӨЗІҢІЗГЕ СЕНИМДІ КОР ДАЙЫНДАП
АЛЫҢЫЗ: 3-ТЕН 6-ФА ДЕЙІНГІ АЙЛЫҚ
КІРІСІНІЗДІ СЕНИМДІ БАНККЕ
ДЕПОЗИТКЕ САЛЫҢЫЗ.

ТӘУЕКЕЛ МЕН КІРІС ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ
ЕКЕНИН ЕСТЕН ШЫГАРМАНЫЗ. ЕГЕР КЕЙБІР
АКЦИЯЛАР КҮРТ ҚЫМБАТТАЙТАН БОЛСА
(НЕМЕСЕ ОЛАР СІЗГЕ ҚӨТЕРІЛУІ КЕРЕК
СИЯҚТЫ БОЛСА), СОЛ СИЯҚТЫ ОЛАРДЫҢ
БАҒАСЫ КҮРТ ТӨМЕНДЕУІ МУМКІН (НЕМЕСЕ
БІР ДЕНГЕЙДЕ ҚАЛУЫ МУМКІН).

“БАРЛЫҚ ЖҰМЫРТҚАНЫ БІР СЕБЕТКЕ
САЛМАНЫЗ” Кағидасын ұстаныңыз.
ЕГЕР СІЗ АКЦИЯЛАРҒА АКША САЛУДЫ
ШЕШСЕҢІЗ, ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРДАН
БІРНЕШЕ КОМПАНИЯНЫ ТАНДАНЫЗ.

ӘРКАШАН ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ
КАДАҒАЛАП ОТЫРЫҢЫЗ. ЕГЕР СІЗ
КАНДАЙ Да БІР КОМПАНИЯНЫң
ОРТАҚ, ИЕСІ БОЛСАНЫЗ, ОНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ БАҒАСЫ
КАНДАЙ ЕКЕНИН НАЗАРДА ҰСТАНЫЗ.





6-САБАҚ.

КМФ•ДЕМЕУ

САҚТАНДЫРУ:
ҚАҢДАЙ
ПАЙДАСЫ БАР?



Сақтандыру – адамдар мен олардың мүдделерін түрлі қауіптен сақтандырып, қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық қатынастың ерекше түрі.

САНДУҒАШТЫҢ ОҚИҒАСЫН ҚАРАСТАРДАЙЫҚ

Сандуғаш базарда мата сатады, сонымен қоса шағын киім тігіп, қосымша табыс табады. Бизнесі жақсы жүргендіктен, ол осы базардан екінші сауда орнын ашты.

Бір күні ол сақтандыру компаниясында жұмыс істейтін құрбасын кезіктірді. Құрбасы сақтандыруларды сату жоспары бар екенін, оны орындаі алмай жүргенін айтып, Сандуғашты ең болмағанда бір сауда нұктесін сақтандыруға көндірді. Құрбасының сөзіне еріп Сандуғаш өз дүкенін өрттөн сақтандырғанымен, іштей өкінді, ол сақтандыруға кеткен ақша – “далаға тасталған ақша” деп ойлады.



7 айдан кейін базарда қатты өрт шығып, салдарынан барлық құрылыштар: соның ішінде Сандуғаштың екі дүкені де жаңып кетті. Сол кезде ол дүкені сақтандырғанын есіне алды: “Расымен де сақтандыру компаниясынан бірдене ала аламын ба?” – деген құдік болды.

Шынымен төлеп береді екен! Бір айдан соң Сандуғаш өрттөн сақтандыру ақшасын алып, дүкендерінің бірін жөндейді.

Сол кезде екі сауда орнын да сақтандырмаганына қатты өкінді.



НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР

САҚТАНУШЫ

Сақтандыру компаниясымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға. Басқаша айтқанда, сақтандыру компаниясынан сақтандыруды сатып алатын тұлға.

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ

Сақтандыру жағдайы туындағанда сақтанушыға немесе пайда алушыға төленетін ақшалай өтемақыны сақтандыруышың төлеуі.

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

Сақтандырушы шартымен немесе заңмен қарастырылған жағдай, ол жағдай туындағанда сақтандыруышыда сақтандыру төлемін төлеу міндепті туындейды.

ФРАНШИЗА

Сақтандыру жағдайы туындағанда сақтандыру компаниясы төлемейтін (ұстап қалатын) зиян бөлігі (ақшалай өтемақы).

Сақтандыру түрлері мен жіктелуі

ЖАЛПЫ САҚТАНДЫРУ

ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ

ЖЕКЕ БАСТЫ САҚТАНДЫРУ

МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ

ЖЕКЕ БАСТЫ САҚТАНДЫРУ

Жазатайым оқиға-
лардан сақтандыру

Мүлікті
сақтандыру

Өмірді сақтандыру

Медициналық
сақтандыру

Автокөлікті
сақтандыру (КАСКО)

Аннуитеттік сақтандыру

Жауапкершілікті
сақтандыру

Автокөлік иесінің
тұлғалардың алдын-
дағы жауапкершілігін
міндепті сақтандыру
және басқалары

Сақтандыру компаниясын таңдаған кезде төмөндегілерге назар аударыңыз

- ✓ **Лицензияның болуы**
(Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтынан тексеруге болады)
- ✓ **Қаржылық тұрақтылық**
(қаржылық тұрақтылық рейтингі)
- ✓ **Компанияның тұрақтылығы**
- ✓ **Ұсынылған өнімдердің түсініктілігі және мамандардың көсібілігі**
- ✓ **Сақтандыру төлемдерінің статистикасы, көлемі**
(Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтынан тексеруге болады)
- ✓ **Қызмет көрсету сапасы**

**САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫН ОБЪЕКТИВТІ БАҒАЛАУ ҮШІН
СІЗ ТӘУЕЛСІЗ, КӨСІБІ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЛИЦЕНЗИЯСЫ БАР КЕҢЕСШІГЕ
(САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНЕ) ЖУГІНЕ АЛАСЫЗ.**



МУЛІКТІ САҚТАНДЫРУ МЕХАНИЗМІ

1.

САУАЛНАМАНЫ ТОЛТЫРУ

Сақтандыру шартын жасаудың алдында әрбір адам сауалнама-етіншіті толтыру арқылы сақтандырылатын мүліктуралы сенімді ақпарат беруі тиіс.

2.

МУЛІКТІҢ ҚҰНЫ

Мүлікті сақтандыру кезіндегі басты факторлардың бірі – оның нарықтық құнын анықтау. Бірнеше негізгі әдіс бар: 1. *растаяушы құжаттар* (сатып алу-сату шарты, чектер, шоттар); 2. *тауелсіз сарапшыларды-багалаушыларды тарту*; 3. *сақтандыру компаниясы осындаи объектілердің нарықтық құнына сүйене отырып*, мүліктің құнын дербес белгілей алады.

3.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / ЖАУАПКЕРШІЛІК ЛИМИТІ

Бұл сақтандыруды сатып алушының алдындағы сақтандыру компаниясы міндеттемелерінің көлемі. Яғни, компания сақтанушыға шартта көрсетілген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру жағдайының нәтижесінде ақшалай өтеуді төлейді. Мүлікті сақтандырган жағдайда, сақтандыру сомасының мөлшері мүліктің құнына тең болады.

4.

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ / ЖАБЫЛАТЫН ТӘҮЕКЕЛДЕР

Сақтандыру шартында әрдайым тәуекелдердің тізімі жазылады, олар туындаған кезде сақтандыру компаниясы орын алған зиянды өтеу міндеттемесін алатын болады.

Әдетте, сақтандыру бойынша өтеу екі түрі болады: 1. “Атаулы тәуекелдер” – сақтанушы мүлікті қандай тәуекелдерден сақтандыруды өзі таңдай алады; 2. “Барлық тәуекелден” – мүлік барлық мүмкін болатын және шынайы тәуекелдерден сақтандырылады.

Негізгі тәуекелдердің тізімі:

- ⚡ шабуыл жасау, жымқыру нәтижесінде үрлау, бұзып үрлау, үрлау;
- ⚡ өрт; ⚡ табиғи апаптар (жер сілкінісі, дауыл, сел);
- ⚡ құбырлардан, канализациялық құбырлардан судың ағуы нәтижесінде мүліктің зақымдалуы;
- ⚡ бөгде заттардың, үшү апараттарының және олардың бөлшектерінің құлауы;
- ⚡ вандализм, үшінші тулғалардың мүлікті ⚡ терезе әйнектерінің бұлдіруі;

5.

ФРАНШИЗА

Франшиза – сақтандыру компаниясы өтемейтін сома. Ол мүліктің құнына байланысты пайыздарда (мысалы, толық қираған кездегі мүліктің құнынан 1%) немесе нақты сомада (мысалы, 15 мың – 25 мың теңге) өлшенуі мүмкін.

6.

САҚТАНДЫРУ ҚҰНЫ = САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ

Сіз және сақтандыру компаниясы сақтандыру сомасының және франшизының көлеміне келісіп, жабылатын тәуекелдердің тізімін анықтағаннан кейін, сақтандыру сыйлықақысын есептеуге болады. Әдetteт пайыздарда көрсетілетін белгілі бір тариф қолданылады. Тарифтің мөлшері сақтандыру шарттарының сапасына байланысты (франшизының мөлшері, тәуекелдердің тізімі, мүліктің орналасқан жері және қызметтүрі).

Мысалы, Сандумаш “Барлық тәуекелдер” деңгейін және егер ішінара зиян келетін болса, 30 000 теңге мөлшеріндегі ең тәменгі франшизының және егер толығымен жойылатын, жогалатын болса, мүлік құнының 1% таңдады. Багалау нәтижесінде, 10 000 000 теңге мөлшеріндегі сақтандыру сомасын шыгарды. Оның дүкені базарда орналасқандақтан, өрт шығы немесе мүліктің үрлануы немесе бүлінуі тәуекелі жогары болып саналады, өйткені базарда дабыл, бейнебақылау және тәулік бойы күзету болмауы мүмкін. Осы фактларды назарга ала отырып, сақтандыру компаниясы мүлікті сақтандыру бойынша орташа көрсеткішті алуды шешіп, 0,35% мөлшеріндегі тарифті ұсынады.

Есептеу келесідей
жүргізіледі

▶ 10 млн. теңге x 0,35% = 35 мың теңге
сақтандыру сомасы тариф сақтандыру сыйақысы

Сақтандыру құнының жиыны 12 ай үшін
35 мың теңгені құрайды.



7.

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНДА НЕ ИСТЕУ КЕРЕК?

Сіздің мүлігізіге зиян келтірген қандай да бір жағдай туындаған кезде мына ережелерді ескеру қажет:

- 1.** сақтандыру компаниясының өкілдерін шақыру және құзыретті қызметтерге хабарласу;
- 2.** апат жөніндегі комиссар келгенге дейін оқиға орнын қозғаусыз сақтау және (немесе) зиянның келуін азайту үшін күш салу;
- 3.** актіні қараяу және құру кезінде сақтандыру компаниясының өкілдеріне көмектесу;
- 4.** үш күннің ішінде жазбаша түрде болған жағдайды түсіндірмелермен бірге сақтандыру компаниясына хабарлау;
- 5.** сақтандыру компаниясының нұсқаулықтарын және сақтандыру шартының талаптарын қадағалау;
- 6.** сақтандыру шартына сәйкес құжаттарды жинау және сақтандыру компаниясына қараяға беру.

8.

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ КӨЛЕМІ

Сақтандыру төлемі: 1. ішінара зиян келгенде мүлікті қалпына келтіруге, жондеуге шоттардың, шығыстардың; 2. толық жойылғанда – шартты жасау кезіндегі мүліктің мәлімделген құны негізінде нақты зиянның мөлшерін ескере отырып есептеледі. Барлық жағдайларда төлем шарт бойынша франшизаның мөлшерін алып тастап жүргізілетін болады.

Мысалы: Сандугаштың дүкені базардағы жаппай өрт кезінде толық өртегеніп кетті. Бұл сақтандырылған мүліктің толық жойылу жағдайы. Барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін сақтандыру компаниясы 9 000 000 тенге мөлшерінде сақтандыру өтемін төледі.

Есептеу келесідей жүргізіледі

10 млн. тенге – 1 млн. тенге = 9 млн. тенге

сақтандыру сомасы

толық жойылғанда

сақтандыру

мүлік құнынан 10%

төлемінің сомасы

минус франшиза

ЕСТЕ САҚТАҒАН ЖӨН! Сақтандыру – бұл сақтандыру шартымен анықталған жағдайлардың туындауы нәтижесінде зақым келген немесе жоғалған жағдайды мүлігінде қалпына келтіру мүмкіндігінің құралы, ол табыс немесе қосымша пайда алу көзі емес.



Қаржылық тұрақтылықты күтпеген жағдайлардан қорғаудың тағы бір құралы, мысалы, қаржы үйымында қарыз алу кезінде **өмірді сақтандыру** болып табылады.

Қарыз алушының еңбекке қабілеттілігінен айрылуы немесе қайтыс болуы кредитті өтеуді қыннадатуы мүмкін. Өзінізді және жақындарыңызды қын жағдайда шамадан тыс қаржылық жүктемеден қорғау үшін қарыз шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру полисін сатып алу мүмкіндігін қарастырыңыз.

Қарыз алушының денсаулығына немесе қайтыс болуына байланысты күтпеген оқиға орын алған жағдайда, сақтандыру компаниясы сақтандыру полисі шенберінде өз қаржаты есебінен кредитті өтеуге көмектеседі (сақтандыру төлемі, әдетте, кредит бойынша өтеуге қалған сомаға тең болады).

Өмірді сақтандыру полисі бойынша сақтандыру жағдайлары:

- ▶ қарыз алушының қайтыс болуы;
- ▶ 1,2,3 топтағы мүгедектік;
- ▶ еңбек ету қабілеттінен уақытша айрылу;
- ▶ сақтандырылған тұлғаның ауыр сырқатының алғаш анықталған диагнозы жағдайында сақтандыру.

Қарызға қызмет көрсетумен байланысты өз тәуекелдеріңізді дұрыс бағалау үшін шарттың талаптарын мүқият зерделеңіз және қажет болған жағдайда, қаржы үйымының көнешсісінен сақтандыру полисінің барлық ережелерін, оның ішінде “Айрықша шарттар” бөлімін егжей-тегжейлі түсіндіруді сұраңыз.



7-САБАК.

КМФ•ДЕМЕУ

КРЕДИТТІ
ӨТЕҮ
ТӘСІЛДЕРІ.



Кредитті өтеу дегеніміз – кредит бойынша төлемдердің мерзімділігі мен көлемі, сонымен қатар оларды жүзеге асыру тәсілдері. Кредитті өтеудің ең қарапайым тәсілі – қаржы үйымының кассасы арқылы төлеу. Бірақ осы тәсілдің кейбір кем тұстары болуы мүмкін – жұмыс кестесі, кезек, кассаның клиенттің жұмыс, бизнес жүргізу орнынан алыс орналасуы. Соғын уақытта төлем терминалдары арқылы өтеу танымал болып келеді – “КМФ” кеңселерінде орнатылған терминалдар арқылы, сондай-ақ дүкендерде, жанармай құю станцияларында, аялдама кешендерінде және басқа қоғамдық орындарда орнатылған сыртқы терминалдар арқылы.

Біз Сізге Дарина мен Дамирдің оқиғаларымен танысады және солармен бірге қандай өтеу тәсілдерін пайдалануға болатындығын қарастыруды ұсынамыз.

ДАРИНАНЫҢ ОҚИҒАСЫН ҚАРАСТАРДАЙЫҚ

Дарина базарда азық-түлік сатады. Ол кредитті “КМФ”-тен бұрыннан бері тұрақты түрде алып келеді. Жаңа кредитті рәсімдеген кезде барлығы дұрыс – өтінімді кредиттік сарапшы толтыруға көмектеседі, шарттарды көрсетеді, компанияның кеңессіне тек кредитті өтеуге және кезекті рет кредит алуға ғана келеді. Бірақ кезекті төлемді өтеудің алдында Дарина “КМФ” кеңессіне барып, ақша төлеуге уақытының бола бермейтінін айтты өтті. Нақ төлем күні бірнеше рет сауда қызу жүріп, саудасын тастап шыға алмаған еді. Кредитті өтеуге бизнес орнынан кету – кірісінің қандай да бір бөлігінен айырылуды білдіреді. Тұрақты клиенттердің алдында да ыңғайсыз – олар келгенде Даринаның өзі де жоқ, сауда орны да жабық.

Мысалы, өткен айда сауда қарқынды жүрді, Даринаның тынығуға да мүмкіндігі болмады. Түскі ас мезгілі жақындаған кезде сауда орнына кредиттік сарапшы келді. Даринаның қолы тимей, төлемді өзінің кредиттік сарапшысы арқылы беріп жібергісі келді. Неге солай етпеске? Ол бәрібір кеңсеге барады, ал Дарина уақытын үнемдеп, саудасын жалғастырады.

Алайда кредиттік сарапшы Даринаның өтінішінен сыпайы түрде бас тартып, бұл жағдайдан шығудың тамаша жолын ұсынды – терминал арқылы өтеу. Жақындаған сауда нүктесінің жаңында төлем терминалы орнатылған еді, бірақ ол бұл терминалдардан тек ұялы телефонның балансын толтыруға ғана болады деп ойлап жүрген еді. Дарина кредиттік сарапшымен бірге терминалға келді, ол “КМФ” қызметтің қалай теруге болатынын көрсетіп, тұра 2 минуттан кейін төлем өтеді. Дарина төлем чегін алғып, үстінен ауыр жүк түскендей өзінің жұмыс орнына оралды.



Бір қарағанда, кредиттік сарапшы арқылы төлемді беріп жіберу мүлдем қауіпсіз көрінеді, және клиенттің көзкарасы тұрғысында қолайлы. Оның үстіне, клиенттер мен “KMF”-тің өзара қарым-қатынасы толық сенімге негізделген, кредиттік сарапшы кредит беру шарттарын түсіндіруден бастап, көптеген мәселелер бойынша клиентке көмектеседі. Тек кредитті өтеу барысында емес! Ойлат қараңызы, кеңсеге келе жатқанда кредиттік сарапшы жол-жөнекей Сіздің төлеміңізді жоғалтып алуы мүмкін немесе бұл ақшаны одан ұрлап кетуі мүмкін. Қандай жағдай болмасын төлемді өтеу бойынша міндеттеме қарыз алушының мойнында, яғни кредитті өтеуге кредит алу шартына қол қойған адам міндетті. Ақшаны беріп жіберіп, Сіз де, кредиттік сарапшы да үлкен тәуекелге баrasыздар. Бұғынгі күні кредитті шұғыл және қауіпсіз өтеу үшін төлем терминалдары тамаша шешім.

Төлем терминалдары дегеніміз – кең спектрлі қызметтер үшін төлемдерді автоматты турде қабылдауға арналған электронды құрылғылар. Терминалдар арқылы төлем жүргізуінде қолайлы болуы, сонымен қатар олардың тәулік бойы қолжетімділігі бұл төлеу тәсілін халық арасында танымал етіп отыр.

ТАҒЫ БІР ОҚИФА

Топтық кредиттеу құрамында кезекті төлем жүргізуге кеңсеге келген “KMF” клиенті – “Түймедақ” тобының үйлестірушісі Дамир кассадағы кезекті көрді. Бірақ ол өте асығыс болғандықтан, уақыты шектеулі еді! Оны жұмыстан бір сағатқа ғана босатқан болатын, ал ол топ үшін түгелімен өтеу керек болатын! Кезекте клиенттердің көпшілігі кредит алып жатты, демек, бұл оларға қызмет көрсетуге уақыттың төлем жүргізуге қарағанда көбірек жұмысалатының білдіреді. Дамир кассага кезектісі өтуді սұрамақ болып оқталғанын байқаған кеңесші келіп, Дамирге топтың кредиті бойынша төлемді тұра кеңседе орналасқан “KMF” терминалы арқылы өтеуге болатынын айтты. Өтеу бойынша операция шамамен екі минуттай уақытты алды. Терминалда оның тобының барлық төлемдері туралы ақпарат шықты. Әрбір аты-жөнінің тұсында белгі қойылған. Кредитті төленетін клиенттердің тегінің тұсындағы белгін басу қажет. Егер Дамирдің тобындағы біреу өтемейтін болса, онда қажетті адамның тегінің тұсындағы белгін басу арқылы алып тастау керектігін кеңесші түсіндірді. Дамирдің тобында өтеу бойынша қыындық болмайтын, сондықтан бүкіл топ үшін төлем жүргізіп, кредитті төлегені туралы чекті алды да жұмысына оралды.



Кредиттік сарапшылар Дарина мен Дамирге “KMF” кредиті бойынша төлемді бірнеше тәсілмен өтеуге болатынын түсіндірді:

- ◆ “KMF” кеңселеріндегі касса және
“KMF” терминалдары арқылы,
- ◆ төлем терминалдары арқылы:
“QIWI”, “Касса 24”, “CyberPlat”,
- ◆ “KMF”-тің серіктес-банктерінің бөлімшелерінде: “Қазақстан Халық банкі” АҚ,
“Банк ЦентрКредит” АҚ, “Қазпошта” бөлімшелерінде,
- ◆ “KMF”-тің мобиЛЬДІ қосымшасы
арқылы,
- ◆ www.kmf.kz сайтында онлайн
кредит өтеу.


Сізге осы тәсілдердің әрқайсысы бойынша нұсқаулықты ұсынамыз.



“КМФ” ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕДИТ ӨТЕУ (комиссия – 0%)

1. Терминалдың басты экранында “Микрокредитті өтеу” батырмасын басыңыз.

1



2. Өзініздің жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) енгізіңіз. ЖСН жеке күеліктің беткі жағында көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ! Енгізілген деректердің дұрыстығын тексеріңіз де “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.



3. “КМФ” базасында енгізілген ЖСН-ді іздеу басталады. Сәл күте түрү қажет.

3



4. Аты-жөні және жеке кредит бойынша төленетін сома көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ! Топ құрамында кредит алған кезде кредитті өтелетін клиенттің аты-жөнінің түсінә белгі қойыңыз. “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙТІНІЦДІ ТАНДАҢЫЗ

Клиент	Сумма к выплате	Максимальность Итого: 33 780 т.
<input checked="" type="checkbox"/> Аскор Аскор Аскорович	38 780	тенге 38 780 тенге

5. Ақша қабылдағышқа қажетті соманы енгізіңіз де “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

АҚША ҚАБЫЛДАҒЫШҚА АҚША САЛЫҢЫЗ

ЖСН: 780213402555

Сома шантелмейді

Енгізілген сома:

Комиссия:

Төленетін: 38780 Есепке алынатын: 38780

Автомат ақша қайтармайды!

Түсініспеушілік түндемаламы үшін тиісті бағадағы ақшаны ұқытында дайындаңыз

МАҢЫЗДЫ! Терминал ақша қайтармайды! Чек алууды ұмытпаңыз, чекті шотыңызға ақша түсkenge дейін сақтаңыз.

МАҢЫЗДЫ! Егер Сіз кредит бойынша ағымдағы төлемді толық төлемесеңіз, жетпей тұрған соманы терминал немесе касса арқылы төлеу қажет. Жетпей тұрған сома туралы хабарламаны:

“KMF” терминалының экранынан:

Сіз ағымдағы төлемді толық төлемедіңіз. Көрсетілген соманды терминал немесе касса арқылы төлькітуру қажет.

Төленбей қалған сома: 1314тт



түбіртекten және экрандағы электрондық чектен көруге болады:

Берешек сомасы: 11314.00 тенге
Аударылған сома: 10000.00 тенге
Төлем толық өтлемеді
Қалған соманды төлеңіз
Төленбей қалған сома: 1314.00 тенге

“QIWI” ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕДИТ ӨТЕУ (комиссия – “QIWI” тарифтері бойынша)

1. “Қызметтерді төлеу” беліміне кіріңіз.

1



ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТӨЛЕУ

2. “Кредиттерді / Қаржы қызметтерін өтеу” батырмасын басыңыз.

2



КРЕДИТТІ ӨТЕУ/
ҚАРЖЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР

3. Бірнеше терезеден тұратын тізімнен “МҚҰ және МҚҰ” батырмасын табыңыз.

3



МҚҰ
және МҚҰ

4. Бірнеше терезеден тұратын тізімнен “KMF” батырмасын табыңыз, оны басыңыз.

4



KMF


5. Өзініздің жеке сәйкестендіру нөмірінде (ЖСН) енгізіңіз. ЖСН жеке күеліктің беткі жағында көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ! Енгізілген деректердің дұрыстығын тексеріңіз де “Алға” батырмасын басыңыз.

ЖСН енгізіңіз



6. Ақша қабылдағышқа қажетті соманы енгізіңіз де “Төлеу” батырмасын басыңыз.



МАҢЫЗДЫ! Терминал ақша қайтармайды! Чек алууды үмытпаңыз, чек ті шотынызға ақша түскенге дейін сақтаңыз.

Бас мекеменің БСН:
ЖСН/БСН:
МТН:
Зауыттық (сәйкестендіру) нөмірі: 96
Күні, уақыты: 01.02.2022 11:50

Терминал № 96
Мекенжай:
Чек/транзакция №
Оператор: “КМФ” МКУ
Аты-жөні: Аскаров Аскар Аскарұлы
Кабылданған ақша: 10000.00 тенге
Есепке алынған ақша: 10000.00 тенге
Толенетін ақша: 10000.00 тенге
Комиссия: 0.0, оның ішінде ККС 0.0 тенге

Техникалық қолдау қызметі:
8 (727) 374-20-53
Талдыкорған қаласы, Абай көшесі, 245
Төлем жүргізгендіңізге рақмет!

“CyberPlat” ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕДИТ ӨТЕУ (комиссия – “CyberPlat” тарифтері бойынша)

1. Мәзірде “Басқа қызметтер” ба-
тырмасын табыңыз.

1




2. “КМФ” операторын таңдаңыз.

2



3. Өзіңіздің жеке сәйкестендіру
нөмірінізді (ЖСН) енгізіңіз. ЖСН же-
ке күліктің беткі жағында көр-
сетілген “Әрі қарай” басыңыз.


3





4. Абоненттің аты-жөнін тексеріңіз
“Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

4




5. Ақша қабылдағышқа қажет соманы енгізіңіз де “Төлеу” батырмасын басыңыз.

5
КМФ-Демеу



МАҢЫЗДЫ! Терминал ақша қайтармайды! Чек алууды үмділтпаңыз, чекті шотыңызға ақша түскенге дейін сақтаңыз.

6



“КАССА 24” ТЕРМИНАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ КРЕДИТ ӨТЕУ

(комиссия – “КАССА 24” тарифтері бойынша)

1. Мәзірде “Қаржылық үйымдар” санатын таңдаңыз.

1



ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЙЫМДАР

2. Тізімнен “KMF” таңдаңыз.

2



КМФ • ДЕМЕУ

3. Жеке сәйкестендіру нөміріңізді (ЖСН) енгізіңіз. “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

МАҢЫЗДЫ! Енгізілген деректердің дұрыстығын тексеріңіз де “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

3

ДЕРБЕС ШОТ НӨМІРІН ЕНГІЗІҢІЗ

780213402555

1	2	3
4	5	6
7	8	9
C	0	<

3. Сәл күте тұру қажет.

4

Күте тұрыңыз, нөмір тексерілуде



5. Аты-жөні және кредит үшін төлем енгізуге арналған сома көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ! Кредитті өтелетін клиенттің аты-жөнінің тұсына белгі қойыңыз. “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

5

КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙТІНІЗДІ ТАНДАҢЫЗ

Избраный	Баланс счёта	Безопасный
<input checked="" type="checkbox"/> Аскаров Аскар Аскарұлы	1000	1000 - тенге
<input type="checkbox"/> Рахим Мурат Рахимов	2000	2000 - тенге
<input type="checkbox"/> Петров Петро Петрович	1500	1500 - тенге

6. Ақша қабылдағышқа соманды енгізіңіз де “Әрі қарай” батырмасын басыңыз.

6

АҚША ҚАБЫЛДАҒЫШҚА АҚША САЛЫҢЫЗ

ЖСН:

780213402555

Комиссияны есептүү сроки:

Сома шартелдейді.

Енгізген сома:

1000

Комиссия:

0

Тапшылған сома:

1000

Есептө алғынан сома:

1000

МАҢЫЗДЫ! Терминал ақша қайтармайды! Чек алууды ұмытпаңыз, чекті шотыңызға ақша түскенге дейін сақтаңыз.

7

Бас мекеменің БСН:
ЖСН/БСН:
МТН:
Зауыттық (сәйкестендірү) нөмірі: 96
Күні, уақыты: 01.02.2022 11:50

Терминал № 96
Мекенжайы:
Чек/транзакция №
Оператор: “КМФ” МКУ
Аты-жөні: Аскаров Аскар Аскарұлы
Кабылданған ақша: 1000.00 тенге
Есепке алынған ақша: 1000.00 тенге
Төлеметін ақша: 1000.00 тенге
Комиссия: 0.0, оның ішінде ККС 0.0 тенге

Техникалық қолдау қызметі:
8 (727) 374-20-53
Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 245
Төлем жүргізгендіңізге рақмет!

Терминал дегеніміз – компьютер, демек кез келген техника сыннып қалуы, жұмысы кідіруі, тұрып қалуы мүмкін. Сондықтан, терминал арқылы өтеу кезінде орын алуды мүмкін кеңінен тараған әдеттен тыс жайттар орын алған кезде қажет болатын кеңестерді ұсынамыз.



Ақша енгізілді, бірақ терминал чек бермеді, не істеу керек?

Клиент кеңесшіге немесе кезекші кредиттік сарапшыға хабарлауы керек. “KMF” қызметкерлері төлемнің түскенін тексеріп, клиенттің қалауы бойынша, ақшаның түскенін растайтын үзінді көшірмені басып шығарып береді.



Терминалдың артылған ақшаны қайтартмайтыны белгілі.

Артық төленген ақша қайда кетеді?

“KMF”-тің әрбір клиентіне транзиттік (уақытша) шот ашылады, оған өтеуден қалған артық ақша түседі. Бұл артылған ақша кезекті (немесе соңғы) өтеуге дейін транзиттік шотта болады. Кезекті өтеу кезінде артылған ақшаның қалдығы клиенттің төлеміне енгізілуі мүмкін. Егер соңғы төлем болса және клиент бұдан әрі кредит аруды қаламаса, онда өтініштің негізінде транзиттік шоттан қалдық ақшаны “KMF” кассасында ала алады.



Менің төлемімнің аударылғанын қалай білуге болады?

Төлемді аудару үшін терминалдың чегі негіз болады. Егер Сіздің қандай да бір күмәніңіз болса, кеңесшіге немесе кредиттік сарапшыға хабарласып, өзіңіздің ЖСН-іңізді айтсаңыз, “KMF” қызметкерлері төлемнің түскенін тексеріп береді.



Мен үйімнің жанындағы дүкенде “KMF” кредитін өтедім, терминал чек берді, ал келесі күні маған “KMF” филиалының қызметкері қоңырау шалып, менің төлемім түспегенін айтты. Не істеу керек? Менде чек бар!

Уайымдамаңыз! Сіздің төлеміңіз чек негізінде есептеледі және чекте көрсетілген күн төлем күні болып саналады. Төлем қысқа мерзімде есептелуі үшін Сізге ең алдымен кредитті өтеген терминал иесіне хабарласуды ұсынамыз (терминал иелерінің байланыстары чекте көрсетілген). Егер Сіз терминал иесімен байланыса алмасаңыз, онда өзіңіздің кредиттік сарапшызыға немесе филиал консультантына хабарласып, төлемді есептеу үшін чекті ұсынуыңыз керек.


Біз клиенттердің “KMF” қызметкерлеріне жи қоятын сұрақтарына жауап бердік. Егер Сіздің кредитті өтеу тәсілдері бойынша басқа сұрақтарыңыз болса, “KMF”-ке хабарласып, сұрақтарыңызға жауап ала аласыз

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР!

Біз қызметіміздің алғашқы күнінен бастап клиенттер мен “KMF” арасындағы қарым-қатынасты өзара сенім мен құрмет көрсету ұстанымдары негізінде құрдық. Клиенттерімізben серіктестік барысында әрдайым ашықжәне адалдиалогқа баса назар аударымыз. Кредиттерді өтеу тәсілдері туралы сабакымызды аяқтай отырып, біз клиенттерімізді қырағы болуға және қаржы мекемелерімен өзара әрекеттескен кезде орын алуы мүмкін тәуекелдерді назарда ұстауга шақырамыз.

! Кредитті немесе оның қандай да бір бөлігін кредиттік сарапшыға немесе “KMF” басқа қызметкеріне беріп жіберуге, сонымен қатар кредитті микрокредит шарттымен қарастырылмаған басқа мақсаттарға пайдалануға қатаң **ТЫЙЫМ САЛЫ-НАТЫНЫН** еске саламыз. Егер кредитті түгелдей немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаға (басқа біреуге) беруге шешім қабылдасаңыз, кредитті өтеу бойынша толық жауапкершілік өзінізде қалатынын **ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗ**.


Кредитті уақытылы төлеу жауапкершілігі **клиентте** болатындықтан, берілген кредит сомасын өзініздің қажетінгі жараптуға тиіссіз. “KMF” кредит бөлімінің қызметкерлері жиі жол жүретіндіктен, нәтижесінде кредиттік бөлімінің қызметкерлеріне ақшаның жоғалу ықтималдығын болдырмая мақсатында клиенттерден кредит бойынша төлемді қабылдауға тыйым салынады. Кредит бойынша төлемдерді уақытылы енгізу “KMF” клиенттінің оң кредиттік тарихының кепілі болып табылады, бұл ұзақ мерзімді серіктестік орнатуға негіз болады. Кредиттерді уақытылы өтей отырып, Кредиттік бюро базасындағы өзініздің оң кредиттік тарихынызды және бейілді клиент беделін сақтай аласыз. Сол себепті кредитті дер кезінде және толық жауапкершілікпен өтеуді ұсынамыз.



Ал өз тарапымыздан, Сіздің кредиттік тарихыныңға қамқорлық көрсете отырып, “KMF” Сіздің кредиттіңіз бойынша жоспарлы төлемге дейін бірнеше күн қалғанда Сізге SMS жіберіп, алдағы төлем туралы еске салады.

Егер өтеу күні төлем туспесе, келесі күні “KMF” кредитті төлеу бойынша мерзімді өткізіп алғаны туралы SMS жіберіп, еске салады.

РАХМЕТ СІЗГЕ!



Біз барлық клиенттерімізге “KMF”-ке деген сенімі мен белсенділігі үшін алғыс білдіреміз. Туындаған мәселелер бойынша – “KMF”-пен ынтымақтасуда Сіздің қандай қызындықтарға кезіктіңіз, Сіздің көзқарасыңыз бойынша қандай процесстер жетілдіруді талап етеді және т.б. мәселелер бойынша пікір жолдауларыңызды сұраймыз. Біз клиенттеріміздің пікірлерін жогары бағалаймыз және өзара әрекеттесу барысын айтарлықтай қолайлыш және оңтайлы жүргізу үшін жұмыс жасайды.

Сұрақтарыңыз бер үсыныстарыңызды келесі қатынас арналары арқылы жолдай аласыздар

Байланыс орталығы

8 800 080 58 00

стационарлы телефоннан қоңырау
шалу тегін

Жазбаша өтініш

бөлімше бастығына,
филиал директорына

WhatsApp 8 701 801 7474

чатқа өту үшін QR-кодты сканерлеңіз

Байланыс орталығы

7474

үзіліс телефоннан қоңырау
шалу тегін

Сенім жәшігі

әр бөлімшеде
орналасқан

doverie@kmf.kz

“KMF” Бірінші басшысының
электрондық поштасына



**БІЗ ҮНЕМІ
БАЙЛАНЫСТАМЫЗ!**

КЕРІ БАЙЛАНЫС НЫСАНЫ

Сабактарымыз Сізге пайдалы бола түсіү үшін бірнеше сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз!

Егер Сіз кері байланыс нысанын электронды нұсқада толтырыңыз келсе, QR-код бойынша өтіңіз*:



*Android платформасындағы телефоннан QR-кодты оку үшін QR-кодтарды сканерләйтін мобилді қосымшаны орнату қажет, ал iOS платформасындағы телефондарда QR-кодтардың сканері камераға орнатылған.

1. Қаржылық сауаттылықты арттыру қажет деп санайсыз ба?

- Иә
 Жоқ

2. “Жеке қаржы” кітапшасына бес баллдық жүйе бойынша қандай баға қоясыз?

- 1 2 3 4 5

3. “Қаржылық сауаттылық” жобасы бойынша оқуды жалғастырыңың келе ме, тренингтерге және басқа да оқыту іс-шараларына қатысқыңыз келе ме?

- Иә
 Жоқ

4. Алған білімді күнделікті тұрмыста пайдаланаңыз ба?

- Иә
 Жоқ

5. Сіздің ойыңызша, электрондық форматты қабылдау ыңғайлы ма не қағазға басылған формат дұрыс па?

- Электрондық формат ыңғайлы Қағазға басылған формат ыңғайлы Екі форматта ыңғайлы

6. Сіз тағы қандай тақырып қосар едіңіз?

**Кері байланыс бергеніңізге рақмет!
Біздің семинарлар Сізге бұдан да пайдалы болуы үшін бар күшімізді саламыз!**

КМФ·ДЕМЕУ
KMF

ПІКІРІҢІЗ УШІН РАХМЕТ!

ЖАЗБАЛАР ҮШІН



КМФ•ДЕМЕУ



ЖОБАНЫҢ КЕҢЕСШІСІ – “КМФ” ТУРАЛЫ

“КМФ” Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД және Шығыс Еуропа елдеріндегі микроқаржыландыру секторы көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдың бастады. “КМФ” қызметінің негізгі бағыты – келесі қызмет түрлеріне жеке және топтық кредиттер беру: бизнес, сауда, егін және мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету және тұтынушылық мақсаттарға кредит беру.

Бұгінгі күні “КМФ” Қазақстандағы ең ірі микроқаржылық ұйым болып табылады, 240 000 астам белсенді клиентке қызмет көрсетеді және өзінің тарихында 2,6 миллионнан астам кредит берді (01.05.2022 жылғы деректер бойынша).

“КМФ” Қазақстанның ірі қалаларында орналасқан 14 филиалдан және 114 құрылымдық бөлімшелерінен тұратын кең аймақтық желіге ие, оның жартысынан астамы ауылдық өнірлерде орналасқан. Жалпы алғанда филиалдар мен олардың бөлімшелері шалғайдағы 4000 астам елді мекендердің тұрғындарына сапалы микроқаржылық қызмет көрсетеді.

“КМФ” өз қызмет барысын клиенттермен өзара сенімге, түсіністікке және құрметке неғізделген ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынастар құруға бағыттаған. “КМФ”-тің 25 жылға жуық қызметінің қаржылық қолдауымен шамамен 500 мыңнан астам қазақстандық өз бизнесін ашты, көсібін кеңейтіп, тұрмыстық жағдайларын жақсартты, бала-ларына сапалы білім беріп, отбасының әл-ауқатын арттыра тусты.

Компания құрылған күннен бастап әлеуметтік жауапкершілік оның қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. “КМФ” кредит беру шарттарын жақсартуға және өз клиенттеріне қосымша қызметтер, сондай-ақ қаржылық емес қызмет көрсету бағытында тұрақты жұмыс жасап келеді. “КМФ”, “КМФ-Демеу” корпоративтік қорымен бірлесе жаңа қаржылық емес өнім – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы бойынша тегін оқыту жүргізе бастады. “КМФ”-тің әлеуметтік миссиясы сапалы қызметтерді ұсыну арқылы клиентті қаржылық сауаттылыққа үйрету.

СЕҢІМІҢІЗГЕ АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!